

**ҚАРЖЫНЫҢ АЗДЫҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАРДЫҢ ЖОЛЫН БАЙЛАП ТҰР**

2-бет



**ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАЙ – ҚҰРМЕТ**

4-бет



**КІШКЕНТАЙ ҚЫЛМЫСКЕР**

8-бет

zangazet@mail.ru

№90 (3621) 28 қараша 2023

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# МЕДИАНАРЫҚ ЖАҢА ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ДАЙЫН БА?




**Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін 1999 жылы 23 шілдеде қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң ескіргенін бүгінде бәрі мойындайды. Ал бұл мәселенің қоғамда талқыланып келе жатқанына он жылдың жүзі боп қалды.**

*(Соңы 5-бетте)*

СҰХБАТ

**Нұрлан САҒЫНДЫҚОВ,** *Жетісу облысы Полиция департаментінің криминалды полиция басқармасы басшысының орынбасары, полиция подполковнигі:*

## «ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ»

**– Нұрлан Сәбитұлы, қазіргі таңда Жетісу облысындағы алаяқтық істер жайлы не айтар едіңіз. Өңірдегі жағдай қалай?**

– Жалпы облыста 2023 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша 460 интернет-алаяқтық фактілері тіркелді. Өткен жылы осы уақытта 360 дерек тіркелген еді. Өсім 27,8 пайызды құрап отыр. Өсім әсіресе, Талдықорған қаласында 28,7%-ға (282-ден 363-ке дейін), Текелі қаласында 3,4 есе (5-тен 17-ге дейін), Ақсу ауданында 2 есе (2-ден 4-ке дейін), Ескелді ауданында 6,5 есе (2-ден 13-ке дейін) артқан. Көксу ауданында 4,5 есе (2-ден 9-ға дейін), Панфилов ауданында 70,0% (10-нан 17-ге дейін) алаяқтықтың өскені байқалады. Ал осы бағыт бойынша тіркелген қылмыстардың азаюы Алакөл ауданында – 2,6% (21-ден 8-ге дейін), Кербұлақ ауданында – 2,5% (10-нан 4-ке дейін), Сарқан ауданында – 33,3% (3-тен 2-ге дейін) байқалады.

**– Осы қылмысты жасаушылар елді қандай жолдармен алдап, немен айналысып жүр?**

– Қылмыстардың бір бөлігі әлеуметтік желілер арқылы (Instagram, WhatsApp, telegram) және онлайн алаңдар (kolesa, olx.kz) арқылы жасалып отыр. Осыған дейін аталмыш платформаларға қатысты 154 қылмыстық іс тіркелді. Жалған жарнамаға еліткен тұрғындар алдын ала төлем жасап, артынша келіскен зат немесе қызмет түріне қол жеткізе алмай кеткен. Тағы бір қылмыстық фактілер онлайн-несие рәсімдеуге қатысты. Бүгінге дейін осыған байланысты 74 іс тіркелді. Бұл алаяқтық схеманың негізгі айшықты белгілері банк қызметкері атынан телефон қоңыраулары түсіп, телефонды алыстан басқаруға арналған бағдарламаларды орнаттыруға әрекет жасаудан көрінеді.

*(Соңы 5-бетте)*

МӘСЕЛЕ

# НЕКЕ БҰЗУ ЖАНЖАЛДАН БАСТАЛАДЫ

**Қазіргі таңда елімізде өршіп тұрған мәселенің бірі – ажырасу. Қазақстанда әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталады. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, өткен жылы 17,7 мың жұп некесін бұзған. Бірақ тіркелген ажырасуға қатысты бұл деректерге күдікпен қарауға болады. Өйткені, елімізде өтірік ажырасатындар да аз емес.**

Заман дамып, өзгерген сайын адамдардың, жалпы қоғамның көзқарасы мен құндылықтарға деген қарым-қатынасы өзгереді. Бұл – бұлтартпас шындық. Себебі, заманға сай адамдардың психологиясы өзгеріске ұшырайды, бір қалыпта тұрмайды.

Сонымен, адамның қарым-қатынасқа деген көзқарасы өзгереді. Осыдан біраз жыл бұрын ажырасуға бару – үлкен күнә, қылмыс немесе ерсі қылық ретінде қабылданатын еді. Гендерлік құқық заңнамасы қабылданған соң, ажырасу фактісі де көптеп тіркеле бастады.

Бұрын дәстүрлі қазақ отбасында ажырасу деген ұғым мүлде болмаған. Жастар ауыл ақсақалдары мен үлкендерінің сөздерін жерге тастамаған. Олар бұзығын тыйып, ақылын айтып, отбасындағы дәмсіз ұрыс-керісті болдырмай реттеп отырған. Сол себепті ажырасу деген ұғым мүлде болмаған. Неке және отбасы мәселелерін зерттеп жүрген этнограф Аманжол Қалыш ажырасу өткен ғасырдың 40-50 жылдары кең етек жая бастады дейді. Егер 1950 жылдары әрбір жүзінші отбасы ажырасса, 1980 жылдары әрбір төртінші, 1990 жылдары әрбір үшінші отбасында ерлі-зайыптылардың неке бұзуы болған.

Неке бұзудың себептері көп. Бірақ басты себептері не деген сұраққа нақты жауап беру қиын. Осы сұраққа жауап ретінде психологтардың тұжырымы бойынша мынандай себептер бар: перзенттің болмауы. Адамның отбасы құрғандағы басты мақсаты – ұрпақ өсіру, артына із қалдыру, бала тәрбиелеу, оның қызығын көру. Бұл қазақ ұлтына тән мінез, тән қалау. Оның үстіне, ұлттық мінезіміз бен менталитетіміз бөлек. «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» деп айтылады. Міне, осыдан кейін жас отбасылар неке бұзуға ниеттенетіндігін көруге болады.

Түсініспеушілік немесе мінездің жараспауы. Түсініспеушілік қандай жағдайда туындайды? Ол екі жастың асығыс отбасын құру туралы шешім қабылдауынан, бір-бірін жете танып-білмеуінен туындайды. Оған себеп – үйленгенге дейін көңіл қосып, қазіргі тілмен айтқанда кездесіп жүргенде өздерінің шынайы бет-бейнесін, мінезін көрсетпеуі, өздерінің болашақ жары қандай болғанын қалайтыны туралы толық жеткізбегендіктен.

Нәпсіқұмарлықтың кесірі. Ер адамдардың araққа, құмар ойындарына, букмекерлік ұйымдарға тәуелділігі, наркотикалық, психотроптық нәрселерге байланысты да ажырасушылар көп.

Дінге көзқарастарының сәйкес келмеуіне байланысты да кетіседі, одан қалса теріс жүріс жүруге әуестік басым. Бұлар – әйелдің сабырын түбі бір тауысатын жаман әдеттер. Алайда, осындай жағдайлар ішінара әйелдер арасында да кездеседі.

Тұрмыс тауқыметі. «Неке бұзуға қандай себеп болды?» деген сұраққа әйелдердің күйеуім табыс таппады, жатыпішер, жалқау деп жауап беретіндері де аз емес. Егер, ер адам отбасын құруға, бір жанұяны асырауға дайын болмай, соқыр сезіммен, желікпен үйленер болса, оның ақыры – неке бұзуға әкеп соқтырады.

Осы аталған себептерден де бөлек көптеген себептер бар. Олардың қатарына кінәсін мойындамау, тәкаппарлық, қырсықтық, кекшілдік, ата-енелердің шамадан тыс жеке өмірлеріне араласуы, өз қалауымен қосылмау, бір-біріне сенбеу және т.б. себептерді атауға болады. Неке бұзу жанжалдан басталады. Қазірге кезде жанжалды реттеу, бір-біріне түсіністікпен қарау, мәмілеге келу қажет. Түсіністік танытатын кезде, жағдайды саралап, барлығын ойланып, екі жаққа да тиімді болатындай шешім жасауға болады. Егер біріңізге құрбандыққа бару керек болса, бару керек. Ол – сіздің отбасыңыз үшін жасалатын қадам.

**К.САМЕНБЕТОВ,**
**Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық сотының судьясы**

ПІКІР

**Судьялық әдебі кодексінің бірінші бабы бойынша, судья берген антына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде, әдепсіз жүріс-тұрыстың көріністеріне жол бермей, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс. Ол заң үстемдігін және сот органдарының тәуелсіздігі қағидаттарын қорғауға және жүзеге асыруға тиіс.**

# ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН ӘДЕП – ЕГІЗ

Судья сот билігінің беделін түсіруге әкеп соғуы және судьяның абыройына нұқсан келтіруі мүмкін кез келген іс-әрекеттерден аулақ болуға тиіс. Бұл судьялық қызметтің бүкіл салмағын сездіреді. Ол мәртебелі де жауапкершілігі мол, ауыр қызмет. Судьялар Мемлекет басшысының жарлығымен тағайындалатындықтан, басты мақсаттары әділдік, ал, өмірлік ұстанымдары қызмет пен күнделікті өмірде адамгершілік нормалары мен мінез-құлықтың әдеп қағидаларын бұлжытпай сақтау, сол арқылы ел сотының беделін биік ұстау болмақ.

Судья сот төрелігін жүзеге асыру барысында тексерілген дәлелдемелер мен деректерді ғана басшылыққа алып, сотқа жүгінушілердің ұлтына, діни сеніміне, т.б. жағдайларына қарамай, сот пен заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етеді. Олар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз, істің ақ-қарасын ажыратуда ішкі түйсігіне сүйеніп, Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот үкімдері мен шешімдерінің республика атынан шығарылуы судьялардан тек әділдікті талап етеді. Судьяның өзін-өзі қатаң тәрбиелеп, кез келген ортада өзін ұстай білуі міндет. Өйткені, судьяның кәсіби білімі, мәдениеті мен адами қасиеті өз кезегінде Қазақстан сотының беделіне әсер етеді. Судья әдебін сақтаудың маңыздылығы да осында. Жұмыстан тыс уақытта судьяның мінез-құлқы мен сыртқы келбеті оның қызметіне лайықты болуы керек. Қызмет бабын жеке басының, отбасы мүшелерінің немесе өзге тұлғалардың мүдделері үшін пайдалануына заңмен тыйым салынған. Судьялардың істі қараған кезде өзіне сыни көзбен қарап, тараптарды мұқият тыңдауы, сондай-ақ, олардың сот билігінің әділдігін әрбір шешімімен дәлелдеуі абыройлы қызметке сай екендігін көрсетеді. Судьялық әдеп кодексі сот корпусының құрамын кәсіби және адами-әдеп жағынан нығайтудың құралы. Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам десек, биліктің үшінші тармағы – сот жүйесі халық сеніміне селкеу түсірмеуі тиіс.

Әділ қазылық ету әр судьяның қасиетті парызы. Ол үшін заңды бес саусақтай біліп, жатқа айту жеткіліксіз. Ең бастысы, би адал, әділ болып, іс бойынша шешім қабылдағанда жігерлікті, батылдықты, табандылықты көрсете білуі заман талабы екендігін ұмытпауы қажет. Қазы – халықтың ожданы. Ол қара қылды қақ жарған әділ болса, даугерлер төреліктің дұрыстығына күмән келтірмейді. Сол сәтте айыпкер, бұзақы, жауапкер заң бұзғанға зауал бар екенін түсінеді.

Сот төрелігінің әділдігі мен жедел әрі толық орындалуы – кез келген елдің кемел болмысының көрінісі. Сот жүйесінің дамуы тоқтап қалатын құбылыс немесе құрылыс емес, оны үздіксіз жетілдіріп отыру керек. Сол себепті әр съездің көтерген жүгі ауыр, қозғайтын тақырыбы да сан алуан. Бүгінгі күнге дейін қолданыста болған Әдеп кодексі 2009 жылы қабылданған болатын. Судьялар одағы бастамашылық жасаған жаңа Әдеп кодексі мемлекет атынан сөйлейтін судьялардың біліктілік қасиетін ғана емес, кісілік келбетін, адамгершілік, моральдық бейнесін нығайтуға ықпал етеді дей аламыз. Өйткені, бұл кодекстің бір ерекшелігі – онда судьяларға Президент, халық тарапынан қойылған талаптардың барлығы ескерілген. Судьяның шынайы тәуелсіздігі заңды қатаң сақтауы мен өзі қабылдаған шешімнің дұрыстығы мен әділеттігіне сенімділігіне негізделеді. Сотына сенген ел, өзінің келешегіне сенеді, балаларына алаңдамайды, мемлекетті сыйлайды.

**Қанатбек ҚОҢЫРБАЕВ,**
**Түркістан облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

МІНБЕР

# ҚАРЖЫНЫҢ АЗДЫҒЫ ҒЫЛЫМНЫҢ ЖОЛЫН БАЙЛАП ТҰР

**Елімізде ауылшаруашылық өндірісі әлі де шығынды сала болып отыр. Мұндағы еңбек өнімділігі дамыған елдерге қарағанда төмен. Шын мәнінде табиғаты қатал, жері құнарсыз болса да, бір жылдың ішінде бір жерден 2-3 рет өнім алып жатқан мемлекеттер бар.**



Оның негізгі себебі оларда агроғылымның дамуы, онда білікті мамандардың көптеп шоғырлануы жолға қойылған. Ал біздің елімізде ауыл шаруашылығы мен ғылым екі бөлек өмір сүріп жатыр. Осының салдарынан агроөнеркәсіптің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі, еңбекқор халқы, қолайлы табиғаты бола тұра Қазақстан бүгінде ішкі нарықты да өз өнімімен толтыра алмай отыр. Біздегі ауылшаруашылығы өнімдерінің дені сырттан импортталады. Неге? Парламент Сенатында өткен «Аграрлық ғылымды дамытудағы және агроөнеркәсіптік кешен үшін мамандарды даярлаудағы өзекті мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбындағы Үкімет сағатында осы сауалға жауап ізделді. Оған Сенат депутаттары, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, аграрлық саладағы жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, тәуелсіз сарапшылар және басқалар қатысты.

Отырыста баяндама жасаған сенатор Арман Өтеғұлов қалыптасып отырған жағдайға жан-жақты сараптама жасауға тырысты. Оның сөзінен түйгеніміз, аграрлық өндіріс салалары мен осы бағытта жүргізілетін еліміздегі ғылыми-зерттеу инновацияларының өзара байланысы жоқ. Соның салдарынан ғылыми-зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу бүгінде небәрі 8 пайызды құрайды. Аталған жағдай, қазақстандық компаниялар арасындағы отандық агроғылымға деген сұраныстың төмен екенінің көрінісі. Бұндай жағдай, біріншіден: аграрлық ғылымды ұйымдастырудың проблемалық мәселелеріне қатысты болуда, ол тиімді басқарудағы дағдарыс болып табылады. 1990 жылдан бастап аграрлық ғылымды дамыту үшін 6 үлкен реформа жасалып, ғылыми қызметкерлердің саны 6-7 есеге азайды. Сондықтан еңбегі көп, еңбекақысы аз ғалымдардың табысын арттыру маңызды мәселе. Айлығы шайлығына жетпей жүрген ғалымнан ғылыми жаңалық күту ақылға сыймайтын жағдай. Осының салдарынан көптеген ғалымдар мен білікті мамандар саладан кетуге мәжбүр болды.

Екіншіден, аграрлық ғылымды қаржыландыру мардымсыз. Бүгінде оның көлемі 0,16 пайыз деңгейінде. Дамыған елдерде аграрлық ғылымды қаржыландырудың едәуір үлесін бизнес өз мойнына алады. Олар өздері үшін ғылыми жаңалықтардан және оларды практикалық қолданудан пайда табудың перспективаларын көретін бизнес-құрылымдар. Өкінішке қарай, Қазақстанда ғылымды қаржылай қолдауға немесе өз құрылымдарында ғылыми-зерттеу орталықтарын құруға қабілетті ірі, қаржылық орнықты ауыл шаруашылығы компаниялары аз. Дамыған елдерде бұл көрсеткіш 50 мен 80 пайыз аралығында болса Қазақстанда 5 пайызға да жетпейді екен.

Үшіншіден, ғылыми кадрларды даярлау әлсіздігі. Қазақстан аграрлық ғылымның ауылшаруашылығы бағыттары бойынша жетекші позициясын жоғалтып, кадрлардың «апатты ағуы» перспективалы жас ғалымдарға әсер етті. Сонымен қатар бүгінде жоғары білікті жас кадрлардың – ғылыми қызметкерлердің, көмекші және техникалық персоналдың тапшылығы бар. Ғылыми қызметкерлердің орташа жасы ұлғайып бара жатқаны қоғамда жиі айтылуда. Мысалы, Ұлттық ғылыми-білім беру орталығында 35 жасқа дейінгі жас ғалымдар саны – 607 қызметкер. Яғни, бұл барлық қызметкерлер санының 8 пайызын, ал ғылыми қызметкерлер санының 21,6 пайызын ғана құрайды.

*Нарықты кадрмен қамтамасыз ету әлі шешілмей отыр. Бүгінде, кәсіпорындар дайындаған кадрларға көңілі толмай, шетел мамандарын тартуда. Мамандықтар бойынша конкурстан өту балы соңғы жылдары өте төмен, тіпті бөлінген гранттардың игерілмей қалу фактілері де жетерлік. Дипломмен ауылға жобасы ауыл шаруашылығы мамандығының 3,3 пайызын ғана қамтып отыр.*

Базалық қаржыландыру аясында жетекші ғалымдарға қойылып отырған талаптар, ол ғылыми дәрежесінің болуы, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы. Бұл ретте өндіріс бойынша талаптар ескерілмеген, мысалы кейбір өндірістегі қызметкерлердің біліктілігі жоғары болмаса да, кем түспейтін жағдайлар кездесіп жатады. Бұдан түйіндейтін мәселе: теория мен практиканың байланысы әлсіз болуы. Кейбір ғылыми орталықтар жас ғалымдардың тек теорияны білетінін айтып, бұл кемшілікті атап көрсетуде.

Ауыл шаруашылығы саласындағы тағы бір өткір мәселе – кадрлар даярлау. 2022 жылы ЖОО-лар 2400-ге жуық, колледждер 7,5 мың маман даярлап шығарған. Алайда, нарықты кадрмен қамтамасыз ету әлі шешілмей отыр. Бүгінде, кәсіпорындар дайындаған кадрларға көңілі толмай, шетел мамандарын тартуда. Мамандықтар бойынша конкурстан өту балы соңғы жылдары өте төмен, тіпті бөлінген гранттардың игерілмей қалу фактілері де жетерлік. Дипломмен ауылға жобасы ауыл шаруашылығы мамандығының 3,3 пайызын ғана қамтып отыр.

ҚР ҰҒА Вице-президенті, Қаз ҰАЗУ Басқарма Төрағасы Ақылбек Күрішбаев ғылым мен өндірістің байланысына қатысты біраз мәселені ортаға салды. Ақылбек Қажығұлұлы бұл орайда ғылымды қаржыландырудың төмендігі Қазақстанда аграрлық ғылым жетістіктерінің дамыған елдердегідей өндіріске кеңінен енгізілмеуі, жоғары сұрыптардың, тиімді технологиялардың шығарылмауынан. Шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай егер бар болса, оларды фермерлер өздері кезекке тұрып сатып алар еді. Өкінішке орай, қаржының жеткіліксіздігі осындай ғылыми жаңалықтардың жолын байлап отыр. Мысалы, бүкіл Қазақстанның селекциясына, барлық дақылдарға 1 млрд теңге бөлінеді (бұл 2 млн доллардан сәл асады). Ал дамыған елдерде 1 дақылдың 1 сортына ең аз дегенде 1 млн доллар жұмсалады. Екіншіден, мәселе ғылыми тәсілде. Дамыған елдерде сорт биотехнологиялық тәсілдермен, гендік деңгейде жасалады. Ал біздің селекционерде олар сияқты қажетті биотехнологиялық зертханалар, фитотрондар, жылыжайлар, ұлттық генетикалық өсімдік қоры жоқ. Шетелдік ғалымдардың айтуынша, бізде аграрлық ғылымды басқару жүйесі өзгере береді. Шын мәнінде аграрлық ғылымның басқару формасын емес, мазмұнын өзгерту керек. Мысалы АҚШ-тың ауыл шаруашылығы зерттеулерінің ішінде стратегиялық және өзекті зерттеулерді конкурстан тыс қаржыландыру көзі – 48 пайызға тең. Ал Қазақстанда аграрлық жобалардың барлығы конкурс арқылы жүргізіледі. Мысалы, заманауи сорт, технология шығару үшін, заманауи фундаменталды білім керек. Ал бізде аграрлық ғылымның барлығы қолданбалы ғылым деп бөлініп кеткен. Екіншіден, заманауи мамандарды даярлаудың және тиімді инновациялардың дамытудың ең қысқа жолы – зерттеу университетін ұйымдастыру. Бұл модель барлық дамыған елдерде қолданылады. Ендігі басты мәселе ғылыми және аграрлық кадрларды даярлау. Бұл орайда ауыл шаруашылығы мамандықтарына негізінен ауыл жастары түсетінін ескеру керек. Ұлттық жоғары оқу орнына мемлекеттік грантқа түсушілер үшін шектеу балы 60. Өйткені, 60-тан астам балл жинаған талапкерлердің көпшілігі педагогикалық және инженерлік мамандықтарды таңдайды. Сондықтан ауыл шаруашылығы мамандықтарына өту балын 55-ке дейін төмендету қажет. Тағы бір мәселе, басқа жоғары оқу орындарымен салыстырғанда да аграрлық университеттер студенттері көптің соңында тұр. Олардың стипендиясы «Педагогикалық білім» және «Денсаулық сақтау» бағыттары бойынша білім алушыларға қарағанда 26 мың теңгеге төмен. Осы айырмашылық жойылу тиіс.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,**
**«Заң газеті»**

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

# МЕДИАЦИЯНЫҢ НАСИХАТЫ КЕМ

**Шалқар аудандық сотында медиация тақырыбында дөңгелек үстел өтті.**

Шараға қоғамдық медиаторлар Е.Әбдікәрім, Қ. Серікбаев, адвокат Ш.Ильясов және сот қызметкерлері қатысты. Төраға С.Дәрікұлова қоғамдық медиаторларға үлкен жұмыс атқарып жатқаны үшін алғысын білдіре отырып, қоғамдық медиатордың құқықтары мен жауапкершілігіне, медиативтік келісімді жасау тәртібіне тоқталды.

Сонымен қатар, төраға медиация әдісін халыққа кеңінен насихаттау қажеттігін, себебі бітімгершілік рәсімдердің басты мақсаты – тараптарды екі тарапқа қонымды бітімге шақыру екендігін атап өтті, сонымен қатар дауларды партисипативтік рәсім арқылы шешу мәселелерін талдады.

Іс шара соңында С. Дәрікұлова дөңгелек үстелге қатысушылардың сұрақтарына жауап берді, медиаторлар «Медиация туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарын айтты. Сондай-ақ қала мектептерінде медиация жұмысын одан әрі жандандыру керектігі туралы пікірлерін білдірді.

**Айгүл БОЛЫСБАЙ,**
**Шалқар аудандық соты әкімшісінің бас маманы**
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

**Мүдделер қақтығысы – бұл адамның жеке мүддесін оның лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына ықпал етуі мүмкін жағдай. Бұл жағдай азаматтардың, қоғам мен мемлекет ұйымдарының құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін.**

# МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ ДЕГЕН НЕ?

Жеке мүдделік деп мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде тікелей өзіне, жақын туыстарына немесе жекжаттарына, сондай-ақ мемлекеттік қызметкермен байланысты азаматтар, ұйымдар үшін ақшалай не заттай нысандағы табыс, материалдық пайда түріндегі табыс алу мүмкіндігі, қаржы, одан басқа да міндеттемелер түсіндіріледі.

Мұндай жағдайларда мемлекеттік қызметшіге лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруға тыйым салынады. Аталған адамдар мүдделер қақтығысын шешу және алдын алу бойынша шаралар қабылдауға тиіс. Мемлекеттік қызметші тікелей басшысына не өздері жұмыс істейтін ұйымның басшылығына туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өздеріне бұл жөнінде мәлім болысымен жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

Тікелей басшы немесе ұйымның басшылығы адамдардың өтініштері бойынша немесе ақпаратты басқа көздерден алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу үшін келесі шараларды уақтылы қабылдауға міндетті:

1) мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған, туындауы мүмкін мәселе бойынша адамдарды лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттету және лауазымдық міндеттерін атқаруды басқа адамға тапсыру;

2) лауазымдық міндеттерді өзгерту;

3) мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдау.

Мемлекеттік қызметші, оның тікелей басшысы және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалануға тыйым салынады. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 504-бабының 6-тармағына сәйкес таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс істейтін адамдар осы мәліметтерді жария етсе немесе жоғалтқаны үшін – 15 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Ақмола облысы Әділет департаменті тұрақты негізде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауына бағытталған профилактикалық іс-шаралар жүргізеді.

**Динара ИБРАЕВА,**
**Ақмола облысы Әділет департаменті Әкімшілік бөлімінің басшысы**

КӨКЕЙКЕСТІ

# ЖҰМЫС БАР, БІЛІКТІ КАДР ЖОҚ

**Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, ІІІ тоқсанда халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша есептелген жұмыссыздық деңгейі 4,7% құрады. Яғни, бұл табысты кәсібі жоқ, алайда оны белсенді түрде іздеген және жұмысқа кірісуге дайын адамдар. Ал ел экономикасының түрлі салаларында жұмыспен қамтылған халықтың жалпы саны 9,1 миллион адам. Жұмыспен қамтылғандардың 75,9% немесе 6,9 млн жалдамалы қызметкер болса, 24,1% немесе 2,1 миллионы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Соның нәтижесінде 15 жастан жоғары халыққа шаққандағы жұмыспен қамту деңгейі 65,5% құрады.**



Статистика бойынша Қазақстандағы компаниялардың 63 пайызы әртүрлі біліктіліктегі кадрлардың тапшылығын сезінеді. Үкіметтің бағалауы бойынша Қазақстанда IT мамандарының тапшылығы 30 пайызды құрайды. Ал Еңбек министрлігінің мәліметіне қарағанда, 2023 жылдың қыркүйек айындағы қазақстандық еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс теңгерімінде 113 800 түйіндеме және 127 мың бос жұмыс орны болды.

Бұл мәселе биыл «Еркіндік, мағына, қарапайымдылық» деген тақырыппен Алматыда 11-рет өткен Kazakhstan HR-форумында да сөз болды. Сарапшылардың сөзіне қарағанда, ғаламдық жұмыссыздық деңгейі қазір аса жоғары емес. Көңіл қуантарлығы ол өсіп жатқан жоқ. Сондықтан ендігі мәселе компаниялардың қызметкерлерді жұмысқа алуында туындайды.

«Біз жыл сайын сауалнама аламыз. Биыл 3,5 мыңдай адамнан жұмыс берушілерді қалай таңдайтынын сұрадық. Олар бізге көшеде кездейсоқ жолыққан жандар емес. Жұмыс берушілерді іріктеу критерийлерінің рейтингі бойынша алғашқы бестікке: жақсы жалақы (85%); қаржылық тұрақтылық (78%); жұмыспен қамту кепілі (67%); жағымды жұмыс атмосферасы (63%); мансап мүмкіндіктері (49%) енді. Ал олардың жалпы саны 15-тен асады. Егер бәсекеге қабілетті жалақы, қаржылық тұрақтылық, мансаптық өсу туралы айтпаса қазір жұмыс іздеушінің өзі жұмыс берушімен сөйлеспейді. Осыған қарамастан олар маманды анықтамайды. Егер адам 3-4 әлеуетті жұмыс берушіні көрген кезде оған алдыңғы бестіктері емес, ортаңғы факторлар әсер етеді. Өйткені, жоғарыдағылар міндетті талаптар», – дейді ANCOR компаниясының операциялық директоры Алексей Миронов. Оның айтуынша, Қазақстанда сұралғандардың 26 пайызы немесе әрбір жұмысқа қабілетті төртінші адам соңғы бір жылда жұмыс берушіні ауыстырған. Бұл әлемдік орташа көрсеткіштен (16%) жоғары. Ал келесі 12 айда жұмысты ауыстыруға дайынсыз ба деген сауалға 19 пайызы, яғни әрбір бесіншісі иә деп жауап берген. Бұл көрсеткіш әлемде – 24 пайыз. Ол жұмыс беруші жаман деген сөз емес. Адамдар әрдайым өз бойынан жаңа мүмкіндіктерді іздейді. Сондықтан қазір еңбек нарығын үздік ететін ешқандай сценарий жоқ. Жұмыс беруші талабы да енді жаңа дағды бойынша өсе береді. Соңғы 10 жылда оның орташа талабы 5-тен 23-ке дейін өскен.

EY компаниясының қызметкерлерді басқару бойынша консультациялық қызмет тобының менеджері, HR академиясының жаттықтырушысы Анна Боровкованың сөзіне қарағанда, еңбек нарығына әсер ететін циклдік факторлар: экономикалық құлдырау және инфляция; геосаяси белгісіздік; қайталанатын бос орындар; табиғи апаттар мен індеттер; толық пайдаланылмаған кеңсе кеңістігі. Ал құрылымдық факторлар: демографиялық өзгерістер жұмыс ұсыныстарының азаюына әкеледі; өмір сүру құнының өсуі; еңбек нарығының жаһандануы; біліктілікті үздіксіз дамытуға қойылатын талаптар; гибридті жұмыс пішімі. Соңғы үш жыл еңбек нарығында жаңа үрдістер қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы әртүрлі тосын жағдай тудырды. Компанияда қалуға дайын болу – бұл қазіргі экономикалық ортада аз өзгеретін құндылықтың өзгеріс. Сыйақы жұмыс берушінің құндылық ұсынысының маңызды бөліктерінің бірі болып қала береді, сонымен қатар инфляцияның өсуі қызметкерлер үшін жұмыс берушіні таңдаудағы негізгі фактор.

Коммеск компаниясының бас директоры Олег Ханиннің айтуынша, біздің елдегі адамдардың 90 пайызы жұмыста күйзеліске ұшырайды. Денсаулық, әл-ауқат және психикалық даму арасындағы тепе-теңдік бақытты және тұрақты өмірдің негізгі элементі болып табылады. ДДҰ мәліметтері бойынша, қоғамдық денсаулықтың 20% тұқым қуалаушылықтан; 20% әлеуметтік жағдайлардан; 10% денсаулық жағдайы бойынша; 50% әр адамның өмір салтына байланысты.

Польшаның Mercer компаниясының ТМД елдері бойынша өтемақы және жеңілдіктер жөніндегі аға консультанты Елена Курганова жұмыс стиліндегі және өтемақы үлгілеріндегі елеулі өзгерістерді атап өтті. Польша тәжірибесімен бөлісе отырып, спикер икемді жұмыс кестесі мен қашықтан жұмыс істеудің еуропалық ұйымдарда барған сайын танымал бола бастағанын атап өтті. Оның баяндамасында көтерілген өзекті мәселелердің бірі төрт күндік жұмыс аптасын негіздеу болды. Ұлыбританиядан алынған деректерді келтірген оның сөзіне қарағанда мұнда төрт күндік жұмыс аптасымен экспериментке қатысқан компаниялардың 92%-ы бұл режимді сақтауды шешкен. Ол сонымен қатар, жұмыс тәжірибесі мен HR-менеджмент тәсілдерін өзгерту контекстінде марапаттау стратегиясын қайта қарау қажеттілігіне назар аударды. Аудитория арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес, аудиторияның 63% алдағы 12 айда қызметкерлердің сыйақыларына инвестиция салуға дауыс берген. 58 пайызы қызметкерлерді оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға инвестиция салуға дайын. Компанияның брендін дамытуға 33% және мансаптық өсуге 30% дауыс берілген.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

АЙМАҚ

# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ: БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ БЕЛЕСТЕРІ

**Еліміздегі білім беру ісін жоғарылату мақсатында «Білімді ұлт. Сапалы білім беру» ұлттық жобасы қабылданған. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы да атаулы саладағы түйткілді мәселелерді шешу жолында нәтижелілігін көрсетіп отыр.**

Бүгінгі жазбамызда атаулы бастамалар бойынша Қызылорда облысында атқарылған жұмыстар көп. Биыл, жыл басынан бері 278 млрд теңге білім саласына бөлінген. Оның ішінде, 245 млрд теңге жауапты басқарма қазынасына құйылса, 33 млрд 100,0 млн теңге өңір аймағындағы білім нысандарының құрылысын жүргізу мақсатында бөлінген. 2022 жылмен салыстырғанда бұл қаржы көлемі 19 пайызға артық.

Қызылорда облысында 680 мектепке дейінгі білім беру ұйымы бар. Онда қазіргі күні 57 545 бүлдіршін тәрбиеленуде. Бұл сан өңірдегі бүлдіршіндердің басым көпшілігі деуге болады. Сөзімізді қуаттау үшін статистикалық мәліметтерге жүгінейік, мамандар, 2 мен 6 жастың қамтылуы – 89,6 %, 3 пен 6 жас – 100 %-ды құрады. Балаларға 6 160 тәрбиеші білім беруде. Айта кетейік, оның жоғары білімдісі – 4 424, арнаулы орта білімі барлар – 1 736. Көп жылдан бері шешімін таппай келе жатқан түйін де тарқаған секілді. 2023 жылдың қыркүйек айының 1-нен бастап бірқатар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін адамдардың жалақысы 30 пайызға өскен. Ол үшін республикалық бюджеттен 1,7 млрд теңге бөлінді. Сонымен қатар, 8 258 тәрбиеленушіге 1,6 млрд теңге бюджеттік өтінім ұсынылды. Атаулы қаржы көзі бойынша келер жылдың бастауынан әлеуметтік осал отбасылардың балаларын жаппай ыстық тамақпен қамтамасыз ету көзделуде. Енді ата-аналар өз балалары үшін 4 балабақшаның ішінен таңдау жасай алады. Бұл да ілкімді істердің қатарында.

Өңірдегі оқушылар саны 180 520-ға жетті. Оның 17 543-і 2023–2024 оқу жылында мектеп табалдырығын жаңадан аттаған жасөспірімдер. Оларға облыс бойынша 325 орта білім беру ұйымы қызмет көрсетуде. Мектептерде 23 621 педагог жұмыс жасайды. Оның жоғары білімдісі – 22 657, арнаулы орта білімі барлар – 964. Айта кетуіміз керек, мұғалімдер жалақысы жыл санап өсуде. Төрт жыл ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 100 пайызға артқан. Сонымен қатар, үш ауысымда оқыту жайы да күн тәртібінде қатаң қадағалануда. Жаңа оқу жылында 6 мектеп атаулы мәселеге жолыққан болатын. Олқылықтың орнын толтыру мақсатында №3, 101, 264 және Абай мектептеріне 1850 орынға арналған жаңа ғимараттар салынған. Олар мектептің негізгі ғимаратының жанынан қосымша пайдалануға берілген. Сонымен қатар, Бәйтерек мөлтек ауданынан пайдалануға берілген 600 орындық жаңа мектеп халық игілігіне берілді. Жаңа нысан № 261, 280 мектептердің жүктемелерін азайтуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде қос мектеп үш ауысымға өтуден сақталды.




Білім саласындағы айтулы белестер жайлы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Қызылорда облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов баяндады. Ол өз сөзінде «Қараша айында Шиелі ауданы, Байсын ауылында 250 орындық мектеп ғимараты ел игілігіне табысталды. Жыл соңына дейін 550 орынды құрайтын Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі 250 орындық және Жаңақорған кентіндегі 300 орындық жаңа мектеп пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен 8 мектептің құрылысын салуға тиісті ұсыныстар берілді. Құны – 7,3 млрд теңге. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірімізде 12 300 орындық 21 мектеп салынады. Арал ауданында – 4, Қазалы, Қармақшы және Жаңақорған аудандарында – 2 жайлы мектептен, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандарында 1 мектептен, Қызылорда қаласында 8 жайлы мектеп бой көтереді. Биыл 10 мектептің құрылысы басталды, оның 5-еуі облыс орталығында бой көтереді. Облыстағы 6 апатты мектептің 4-еуінің мәселесі осы «Жайлы мектеп» жобасы аясында шешімін табады. Арал және Шиелі аудандарында орналасқан тағы 2 мектеп «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» мен жеке инвестор есебінен шешімін табады. Нәтижесінде өңірде 2025 жылы апатты және үш ауысымды мектептер мәселесі толық шешілетін болады. Биылғы жылы Қазалы ауданында №92 орта мектеп «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасымен 239,5 млн теңгеге күрделі жөндеуден өткізілді», – деді.

Сыр дарындарын қолдау мақсатында да біршама ақжолтай жаңалықтар бар. Аймақта дарынды балаларды қолдау саясаты лайықты деңгейде жүзеге асырылуда. Бұл бойынша 2023 жылы Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданында мамандандырылған жаңа мектеп-лицей-интернаттар жұмысын бастады. Сырдария өзенінің сол жағалауынан 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының және 300 орындық жатақханасының құрылысы басталды. Оқушыларды қосымша біліммен қамту үлесін арттыру мақсатында Жалағаш ауданында 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі пайдалануға берілді. 350 орындық оқушылар сарайының құрылысы аяқталуға жақын. Атаулы бастамаға демеушілік жасап отырған «ҚазГерМұнай» компаниясы. Сондай-ақ, Жаңақорған және Шиелі кенттерінен 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі құрылысына сметалық құжаттар әзірленді. Бұл бойынша 2024–2025 жылдары құрылыс басталады.

Түлектер туралы да жағымды жаңалықтар жетерлік. Мәселен, биыл 8 051 бала мектепті аяқтаған. Оның 7 219-ы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Бұл жалпы түлектердің 89,6 пайызына тең. Атай кетейік, 2022 жылмен салыстырғанда аталмыш білім сынағына қатысқандар 5,6 пайызға көбейген. Нәтижесінде 6 418 талапкер білім гранты конкурсына қатысып, 4 973 түлек грант иегері атанған. Бұл 77,5 пайыз бала мемлекеттік грант негізінде білім алады деген сөз. 2023 жылы 102 оқушымыз республикалық, халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалардың жеңімпазы атанды. Облыстың пәндік олимпиадалық командасы жаратылыстану – математика бағытында республикада командалық есепте ІІ орынды, қоғамдық – гуманитарлық бағытта ІІІ орынды иеленді.

Қызылорда облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов білім алушылардың қауіпсіздігі басты назарда екенін жеткізді. Ол өз сөзінде, «Аймақтағы барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау жүйесімен 100% қамтылған. Қала, аудан орталықтарындағы білім беру ұйымдарының бейнебақылау жүйесі жедел басқару орталығы және полицияның кезекші бөлімдеріне қосылған. Биыл Қызылорда қаласы және аудан орталықтарында орналасқан оқушы және персонал саны 700-ден асатын 106 мектеп, 7 оқушылар үйі, Қызылорда қаласындағы 28 балабақша лицензияланған күзетпен қамтамасыз етілді. Ағымдағы жылы 170 мектепке дабыл түймесін орнатуға, 63 ұйымның бейнебақылау жүйесін талапқа сәйкестендіру үшін 552 млн тг қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар толық аяқталды. Өңірде балаларды әлеуметтік қолдау және қауіпсіз орта қалыптастыру басты назарда», – деді.

Әлеуметтік осал топтан шыққан балаларды қолдау жайы да қолға алынған. Жыл басынан бері 1-4 сыныптарда оқитын 70 173 және әлеуметтік әлеуеті нашар отбасыдан шыққан 5-11 сыныптардағы 16 777 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылады. Сондай-ақ, көмекке мұқтаж 37 087 балаға 1,3 млрд теңгеге бір реттік қаржылай көмек көрсетілді. Білім алушыларды жайлы, қауіпсіз тасымалмен қамтамасыз ету мақсатында жаңа 30 автобус алынған. Қызылорда облысында 7 835 ерекше білім беруді қажет ететін бала бар. Инклюзивті дамытудың Жол картасы аясында мемлекеттік балабақшалар логопунктпен жабдықталып, арнайы мамандар бөлінді. Мектептердің 170-інде инклюзивтік қолдау кабинеттері, 8 мектепте инклюзивтік ресурстық орталықтар ашылды. Биыл Қызылорда қаласындағы №120 орта мектеп базасынан 1 педагогикалық медициналық психологиялық консультация жұмысын бастады,– деді білім басқармасының басшысы.

Өңірде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары саны 28-ге жетті. Жыл санап жеке білім мекемелерінің саны артуда. Мәселен, 28 оқу орны болса, оның 11-і жекеге тиесілі. Қазіргі күні 20 213 студент 94 мамандық, 158 біліктілік бойынша білім алуда. Оларға 2148 инженер-педагог білім беруде. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары аймақтағы еңбек нарығының өзгеріп жатқан құрылымын ескеріп, қажетті дағдылар мен қабілеттер қалыптастыруды көздейтін оқыту орталықтарына айналуы тиіс. Осы мақсатта ағымдағы жылы 4 668 орынға мемлекеттік тапсырыс бөлінді. Колледждер жайы туралы «2023 жылы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес, пилоттық жоба ретінде Қазалы және Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі базаларында жалпы орта мектептердің 10-11 сыныптарындағы 46 оқушысы үшін жұмысшы біліктілігі бойынша эксперименттік білім беру бағдарламалары енгізіліп, енді мектеп бітіруші аттестатпен бірге диплом алып шығатын болады. Бұл жоба біріншіден білім алушылардың мамандық иесі атанып, еңбек нарығына ерте араласуына мүмкіндік берсе, екіншіден қоғамда жұмысшы құзыреттілігінің беделін көтеріп, жастардың қызығушылығын арттырады»,– деді А.Есжанов.

Қызылорда облыстық білім басқармасы басшысының айтуынша, Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бекітіліп, осыған негізделген 2023–2024 оқу жылына арналған кешенді жоспармен жұмыс жасалуда. Онда үштұғыр құндылықтар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап бағыттары қамтылған. Облыс әкімдігінің қаулысы негізінде Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы құрылды. Жаңа орталық жұмысы балалардың ой-танымын арттыруға, спорттық қабілетін шыңдауға, жасөспірімдер арасындағы түрлі келеңсіздіктердің алдын алуға бағытталатын болады»,–деді.

**Ш.ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ**

ТАҒЗЫМ

# ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАЙ - ҚҰРМЕТ

**«Ханда қырық адамның ақылы болса, биде қырық адамның білімі мен ары болады» деген екен бабаларымыз. Сол би дегеніміз – бүгінгі судьялар.**



Бүгінгі мақаламыз мәртебелі мамандық биігінде болған, өмірі өнеге, тағылымы теңдессіз тәрбие мектебіне айналған Әбдіғалымова Күлбарам Қабыкенқызы және Таңсықпаев Төлеген Сабырұлы туралы болмақ. Теміртау қалалық сотының отставкадағы судьясы, сот жүйесінің ардагері – Күлбарам Қабыкенқызы биыл 70 жасқа толып отыр.

Әріптесіміз ҚарМУ-дің заң факультетін бітіргеннен кейін 1978 жылдан бастап Теміртау қаласының халық сотында стажер, кейін халық судьясы болып жұмыс істеді. 1982 жылдың маусым айынан бастап 9 жыл бойы Қарағанды қаласы Совет ауданы Заң консультациясының адвокаттар алқасының мүшесі, Теміртау қаласы Металлургтер ауданы Заң консультациясының адвокаты қызметін атқарды. 1992 жылдан Теміртау қалалық халық сотының халық судьясы болған Күлбарам Қабыкенқызы 1996 жылы Теміртау қалалық сотының судьясы болып тағайындалды.

Күлбарам Қабыкенқызы үшін ең бастысы – тәртіп. Өзіне тапсырылған істі тиянақты әрі нәтижелі орындау басты қағидасы. Кеңестік дәуірдегі сот жүйесін көзбен көріп, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот саласының жетілуіне сүбелі үлесін қосқан ардагер саналы ғұмырының 21 жылын сот жүйесіне арнады. Сот жүйесіндегі көпжылдық, мінсіз қызметі және сот төрелігін жүзеге асырудағы белсенді қоғамдық қызметі үшін Қ.Әбдіғалымова Судьялар одағының «Жеті жарғы» құрмет белгісімен марапатталды.

Қарағанды облыстық сотының судьясы Галина Кочубейдің Күлбарам Әбдіғалымоваға деген құрметі ерекше. «Күлбарам Қабыкенқызымен бірге жұмыс істегенде әріптесімнің көшбасшылық қасиетіне, мақсатына деген адалдығына, жетістік жолындағы табандылығына тәнті болдым. Осы озық қасиеттері ол кісіні шыңға шығарды. Университетті бітірген-нен кейін сот саласына араласқан әріптесіміз сол кездегі ең жас халық судьясы болып сайланды. Ол уақытта халық судьяларын заң ғылымында терең білімді, жұмысқа деген мінсіз көзқарасы байқалған адамдардан ғана іріктеп, халықтың өзі сайлайтын. Оның ең жоғары кәсібилігі, таланты, адалдығы, еңбекқорлығы мен үшін ғана емес, бізben бірге жұмыс істеген көптеген жас әріптестер үшін үлгі болды» – дейді.

Қарағанды облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының отставкадағы судьясы – Төлеген Сабырұлы да биыл 70-тің белесіне шықты.

Ағамыз 1978 жылы Торғай облысы Амантоғай ауданының прокуратурасына стажер болып келіп, кейін прокурор көмекшісі қызметін атқарады. Одан кейін Торғай облысы Киімин ауданының халық судьясы болса, 1996 жылы Ақмола облысы прокуратурасына прокурор болып тағайындалып, осы салада 1997 жылға дейін еңбек етті. 1997 жылы ҚР Жоғарғы Сотының Президиумына көмекші болып орналасып, кейін Жоғарғы Сот аппаратында кеңесші, Жоғарғы Сотта азаматтық істер бойынша сот алқасының кеңесшісі, қылмыстық істер бойынша сот алқасының кеңесшісі т.б. қызметтер атқарады. Жалпы Төлеген Сабырұлы сот саласына 18 жылын арнаған.

Қызметті мансап емес, аманат деп қарайтын ағамыз сот саласына түбегейлі бет бұрып, 2002 жылдан 2007 жылға дейін Приозерск қалалық сотының төрағасы қызметін, 2007 жылдан 2010 жылға дейін Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық сотының судьясы, 2010 жылдан 2015 жылға дейін Қарағанды облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы лауазымдарын атқарды.

Сот саласында еңбек етіп құрметті отставкаға шығу бақыты екінің біріне бұйыра бермейтіні айқын. Бұл дәрежеге әділдікті ту еткен, судья әдебі кодексін бұлжытпай сақтаған, тек жақсы нәтиже көрсеткен майталман маман ғана лайық. Саладағы маңызды шаралардың ұйтқысы болған Төлеген Сабырұлы марапаттардан кенде емес. Сот жүйесінің дамуына үлес қосқаны үшін «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне 30 жыл» медалімен, Қарағанды облыстық сотының төрағасының құрмет грамотасымен марапатталған.

Т.Таңсықпаевпен бірлескен жұмыс кезеңі туралы Қарағанды облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Қайрат Касимов «Төлеген Сабырұлы Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық қылмыстық істер жөніндегі сотына судья болып 2011 жылдың маусым айында келді. Ағамыз осы сотта судья лауазымында 2016 жылдың желтоқсан айына дейін қызмет атқарып, құрметті отставкаға кетті. Ол кісі әрдайым өз міндетіне, еңбек тәртібіне өте жауап-



кершілікпен қарап, жұмыс барысында өзін сауатты және білікті заңгер ретінде көрсете білді. Адамгершілігі мол жан-жақты тұлға. Ағамыз өзінің мол тәжірибесіне сүйене отырып, жас кадрларды шыңдауға үлес қосуды өзінің өмірлік мұраты санады. Қызмет барысын жас судьялармен бөлісуге әрқашан дайын. Істерді қарағанда принциптілік танытып, өзінің ұстанымын, пікірін қуаттай алды. Кәсіби судья екенін толық дәлелдеген Төлеген Сабырұлы әріптестері арасында да сыйлы. Қазір құрметті демалыста болса да адвокаттық қызметпен айналысады» – деген жүрекжарды пікірін білдірді.

Қос ардагерді Қарағанды облыстық сотының ұжымы 70 жас мерейтойымен құттықтап, құрмет көрсетті. Төрелік алаңында тұғыры биік тұлғалардың көрер қуанышы көп болғай!

**Қарағанды облыстық сотының баспасөз қызметі**

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ

**Бүгінгі сот жүйесі еліміздегі түбегейлі өзгерістермен бірге реформаланып келеді. Реформалардың мақсаты – сот жүйесін халыққа жақындатып, мықты әрі тиімді, азаматтардың құқығы мен бостандығын сенімді қорғауға қабілетті жүйе құру. Осындай ауқымды өзгерістерді еңсерген Қызылорда облыстық сотының құрылғанына биыл 85 жыл толып отыр.**

# АРДАГЕРЛЕРДІҢ ИГІ ІСІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ



Ғасырға жуық тарихында облыс соттары еліміздің тұрақты дамуына зор үлес қосып, қоғам және мемлекет өмірінде туындайтын жанжалдар мен дауларды әділ шешу бағытында небір күрделі, тағдырлы істерге төрелік етті. Бүгінде облыстық соттың судьялар корпусы азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуына, заң үстемдігінің берік орнығуына және сот тәуелсіздігінің нығаюына сүбелі үлес қосып келеді.

Жалағаш жері – тарихы тереңге тамыр тартқан киелі мекен. Бұл өңірдің шығысы Сырдария, батысы Қармақшы ауданымен, терiскейі Жезқазғанға жалғасып, түстігі Қарақалпақстанмен қабаттасып жатыр. Бұл жерден еліміздің кемел келешегі үшін аянбай еңбек еткен, сол жолға саналы ғұмырын арнаған билер мен заң саласының майталмандары шыққан. Олар Қызылорда облыстық сотының 85 жылдық тарихи кезеңінде еліміздің оң өзгерістерге бастап, ауқымды реформалардың сәтті жүзеге асуына еңбек етті.

Бізге дейінгі тарихи кезеңде Жалағаш аудандық сотында А.Баубеков, Ә.Досмайлов, И.Жолмырза, К.Сұлтанов, И.Тоқболатов, Ә.Жаубасаров, Т.Темірбаев, Т.Жұбанғанов, З.Нұрсейітов төраға, судья қызметтерін атқарып, елдің береке-бірлігі мен тыныштығына балтқысыз қызмет жасады. Одан кейін аудандық сот төрағасы қызметін Қайыркелді Темірбаев, Артур Наримов атқарса, бүгінде сот төрағасы қызметін өзім атқарудамын. Ауқымды реформалардың оң нәтиже беруіне, сотқа деген халықтың сенімін нығайтуға ұжым болып барынша жұмыс жасап келеміз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуы жолында қалтқысыз қызмет қылған жандардың бірі – ҚР Заңгерлер одағының мүшесі Ақбала Тоғысова. Ол сот саласы түгелдей қайта жаңғырған кезеңде де бар күш-қайратын саланың дамуына жұмсады.

Кеңестік дәуірде сот жүйесін көзбен көріп, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот саласының жетілуіне сүбелі үлес қосқан ардагер 2018 жылы құрметті зейнет демалысына шықты. Бала кезінен заң саласында жұмыс жасауды армандаған Ақбала Қалмаханқызы өзінің алға қойған мақсаты орындалғанын айтып марқаяды. Бүгінгі таңда, жастарға ақыл-кеңесін айтып, мол тәжірибесімен бөлісіп жүр. Өңірде беделі салмақты ардагерлерден құралған билер кеңесінің мүшесі ретінде ол қазіргі кезде азаматтық дауларды сотқа дейін шешілуіне, ел бірлігін нығайтуға атсалысып келеді.

Сот саласындағы ұзақ жылғы абыройлы еңбегі еленіп, «Мінсіз қызметі үшін», «Сот жүйесінің ардагері» медалін кеудесіне тақты. Қызылорда облыстық сот төрағасының, Қызылорда облысы әкімінің, Жалағаш ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Бұл ширек ғасырдан астам ғұмырын Сот жүйесінің өркендеуіне арнаған ардагердің еселі еңбегінің еленгені деп білеміз.

Бүгінде ұлы Сақи Ғалым анасының ізін жалғап, сот отырысының хатшысы қызметінде. Жас болса да іскерлік қабілетін көрсетіп, жауапты жұмысты абыроймен атқарып келеді. Айқын міндеттердің нәтижесінде қазір сот саласы уақыт талабына сай жаңа деңгейге көтерілді. Қара қылды қақ жарған кешегі билердің бүгінгі ізбасарлары дауды оңтайлы шешуге де атсалысып, араздасқан ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайтуға да өзіндік үлес қосуда.

Өткен тарихи кезеңге көз салсақ, өзінің даму жолында заманға сай үнемі жетіліп, жаңғыра түскен облыстық сотта әр кезеңде қызмет атқарған аға ұрпақ өкілдеріне құрметіміз шексіз. Сала ардагерлерінің сіңірген еңбегі мен жасаған игі істері кейінгі ұрпаққа үлгі. Аға буынның сара жолында әділеттіліктің туын берік ұстап, заңды бұлжытпай орындау арқылы халыққа қызмет жасау – әрбір сот судьясы мен қызметкерінің қастерлі міндеті.

**Асылхан МИЗАНБАЕВ,**
***Жалағаш аудандық сотының төрағасы***
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ӨНЕГЕ

# ӨЗ САЛАСЫНЫҢ БІЛГІРІ

**Сәбит Жақсылықовтың есімі өңірімізге қара қылды қақ жарған әділ сот, білікті заңгер ретінде жақсы таныс болғанымен, ол кісінің еңбек жолын біреу білсе, біреу біле бермеуі мүмкін. Дегенмен, бәрін басынан баяндағанымыз дұрыс болар.**

Сәбит Бақтыбайұлы 1955 жылы Түркістан облысының Ордабасы ауданына қарасты Қызылжар ауылында дүниеге келген. 1972 жылы Қатын көпір ауылдық кеңесіне қарасты №29-орта мектепті үздік бітіріп, 1973–1975 жылдары азаматтық борышын өтеу үшін Кеңес армиясы қатарына шақырылады. Әскерден оралғаннан кейін қолы қалт етсе жұмыс істеп, өз қаражатын өзі тауып, Шымкенттегі Қазақ химия-технология институтына оқуға түседі. Жоғары оқу орнын 1981 жылы тәмамдаған жас жігіт арнайы жолдамамен КСРО Құрылыс банкінің Шымкент облыстық мекемесінің завод бөлімшесінде инженер, кейін аға инженер болып еңбек жолын бастайды. Бұл кез Сәбит ағаның алғашқы жоғары оқу орнын бітірген 1981 жылдың жаз айы болатын.

Бұдан кейінгі 1983–1988 жылдар аралығында Сәбит Бақтыбайұлы КСРО Түрлі-түсті металлургия министрлігінің «Союзвторцветметстрой» тресіне қарайтын Шымкент жылжымалы механикаландырылған колоннасында инженер-диспетчер, инженер-геодезист, өндірісті дайындау тобының инженері, 5-дәрежелі құрастырушы болып түрлі еңбек жолынан өтеді. Сол кездегі Шымкент қаласында салынған көп қабатты үйлерде, аудан орталықтары мен ауылдарда салынған мектеп, аурухана ғимараттарының бой көтеруінде Сәбит ағамыздың қолының ізі қалды десек, артық айтқанымыз емес.

1988 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң бөлімін бітіргеннен кейін Сәбит Бақтыбайұлының еңбек жолындағы екінші кезеңі басталды. Себебі, 1988–1991 жылдары ол кісі Шымкент облыстық Тұрғын үй-әлеуметтік банкінің аға заң кеңесшісі, ал 1991–1998 жылдары Абай, Ордабасы, Еңбекші, Төле би мемлекеттік нотариалды кеңселерінде мемлекеттік нотариус, аға мемлекеттік нотариус, Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік нотариалды кеңсесінің кеңесшісі, ОҚО Әділет басқармасының сот жүйесін ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы қызметтерін атқара жүріп, білімі мен біліктілігін шыңдай түсті.

ҚР Президентінің 1998 жылғы 7 сәуірде-



гі №3899 Жарлығымен Сәбит Бақтыбайұлы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би аудандық сотының судьясы лауазымына, арада бір жарым айдай уақыт өткенде Президенттің 20 сәуірдегі №594 Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметіне тағайындалды. Содан бастап сот саласында 20 жылдан аса уақыт бойы абыройлы қызмет атқарған Сәбит аға 2018 жылы доғарыстағы судьялар қатарына қосылды.

Халыққа қызмет етіп, марапат алып, өсіп жатсаң ол да қуаныш. Еңбегіңнің еленгеніне мерейің тасиды, жұмысқа деген құлшынысың артады. Сәбит ағамен бір жолыққанымызда өмірден көргені мен түйгенін сұраған едік:

– Айналайын, Ғани, дені сау, қол-аяғы бүтін адамның еңбек еткен әрбір күні бақытты сәттерге толы деп ойлаймын. Оқу бітірдік, әскерге бардық, қызметке араластық. Жұмыс барысында ренжісіп, дауласқан сәттеріміз де болды. Бірақ, соның бәрінен сабақ алдық, өстік, есейдік. Өзіміздің жіберген қателіктерімізді түзетіп, келесі жолы жібермейтіндей болдық. Міне, енді ойлап отырсам, соның барлығы да біздің бақытты өмір сүрген сәттеріміз толы екен, – деген еді көпті көрген ардагер аға. Білген адамға осының өзі-ақ кісіліктің, адамдықтың белгісіндей екен-ау деген пайымға келдік біз.

Осы ақ адал қызметінің арқасында Сәбит Бақтыбайұлы «Сот жүйесінің ардагері», ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалі мен ҚР Судьялар одағының «Құрмет грамотасын», «Судьялар одағының Құрметті мүшесі», «Үш би» Құрмет белгісін иеленген. Бұған қоса, Түркістан облысы, Төле би ауданының «Құрметті азаматы» екендігін қалай айтпай кете аламыз.

Осындай жаны жайсаң, жүрегі таза, еліміздегі заңдылықтың сақталуы жолында айрықша еңбек етіп, үлесін қосқан ағамыз құдай қосқан қосағы Жамал Әбдірашқызымен бірге Салтанат, Сырым, Ақеркедей тәрбиелі ұл-қызын өсіріп отырған бақытты отбасы.

***Ғани БАЙАРЫСТАН,***
***Шымкент қаласы қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы***

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алаяқтар бұл қылмысты жасау барысында жәбірленушілерге ресми өкіл ретінде телефон соғып, олардың аттарынан бәз-біреулердің несие шығарып жатқанын жеткізеді. Мәселені шешу үшін жеке деректер мен құпия сөздерді, және телефонды алыстан басқару үшін «AnyDesk» бағдарламасын орнатуын сұрайды. Соңында алаяқтар қолдағы бар деректерді пайдалана отырып, жәбірленуші атынан алыстан басқару бағдарламасының көмегімен несие шығарып, өз дроперлік шоттарына лақтырады. Жалпы жалған банк қызметкері атынан қоңырау соғуға байланысты бүгінде 129 қылмыстық іс тіркелді. Бұл тізім соңы емес. «Жобаларға тиімді инвестиция» лозунгімен алданған азаматтар арызы тағы бар. Жалпы саны осыған ұқсас 103 дерек тіркелді. Тез байып кетемін деп тақырға отырған жандардың мұңы бір. Алаяқтардың бұл жолғы құйтырқы амалдары да бұрынғыдан бөлек. Қаскөйлер әлеуметтік желі беттеріне өздерін эксперт ретінде көрсетіп акция, криптовалюта арқылы пайда табу жарнамасын салған. Кейін қызығып, ақша салған адамдарға алғашқы пайдаларын да жіберген. Осылайша қарапайым халықтың сеніміне ие болған. Десе де істің байыбы үлкен қаржыға келіп тірелгенде, эксперт те, ақша да зым-зыя жоқ болған.



**Нұрлан САҒЫНДЫҚОВ**, *Жетісу облысы Полиция департаментінің криминалды полиция басқармасы басшысының орынбасары, полиция подполковнигі:*

# «ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ»

**– Қылмыстық істерді ашу көрсеткіштеріңіз қалай, алаяқтарды құрықтау мүмкін болып жатыр ма?**

– Интернет-алаяқтық қылмыстарында күдіктілердің араларында дропперлердің болуы істі күрделендіреді. Оның үстіне алаяқтар ұысындағы ақшаның 90 пайызы шетел шоттарына түседі. Ал жәбірленушілер болған жайт жайлы кеш хабарлап жатады. Сондықтан істерді ашу кезінде көп қиындық туындайды. Бүгінде түскен арыздың 68-і сотқа жолданды. Қазіргі таңда интернет-алаяқтыққа қатысты заң жобасы қаралымда. Алдағы уақытта заңдағы өзгерістер осы іске оң әсер тигізеді деп сенеміз.

**– Соңғы уақытта осы қылмыстардың алдын алу мақсатында қандай шаралар атқарылуда?**

– 2023 жылдың қыркүйек айының 15 мен 17 күндері Жетісу облысы ПД Криминалдық полиция басқармасы ҚАПББ-мен бірлесіп «Интернет алаяқтыққа жол жоқ» профилактикалық іс-шарасын өткізді. Онда көрнекі түрде 40.101 дана парақшалар мен брошюралар таратыла отырып, 23.608 үй тұрғындарына, алаяқтық әрекеттердің жолын кесу, болдырмау жөнінде түсіндірілді. Сондай-ақ, өткізілген профилактикалық іс-шара нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде интернет-ресурстарда кеңінен жарияланды. Және де Жетісу облысы аумағында орналасқан қалалық және аудандық мешіт имамдары арқылы әр аптаның жұма күні мешітке «Жұма намазына» келген жамағатқа интернет-алаяқтығы бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Ағымдағы жылдың 6 маусымында Жетісу облысы ПД бастығының №190 бұйрығымен интернет-алаяқтықты ашу және тергеу бойынша «Cyberpol» тобы құрылды. Бұл топта Жетісу облысы ПД Тергеу басқармасынан 3 тергеуші, криминалдық полиция басқармасынан 3 жедел уәкіл, жедел криминалистикалық басқармасынан 2 криминалист, Ақпараттандыру және байланыс басқармасынан 2 маман бар. «Cyberpol» тобы интернет-алаяқтық ретінде ҚАПББ-де тіркелген қылмыстық істер бойынша күн сайын талдау жүргізіп, қосымша нұсқаулар беруде. Бүгінгі таңда «Cyberpol» тобымен ҚР аумағында интернет-алаяқтық фактісімен ұсталған күдікті адамдарды және олардың Жетісу облысының ПД-да тіркелген қылмыстық істерге қатыстылығы күнделікті жұмыс барысымен тексерілуде. Сондай-ақ, «Cyberpol» тобы Жетісу облысының тұрғындары мен қонақтардың ақпараттық сауаттылығын арттыру бойынша профилактикалық жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі таңда 4578 бейнеролик жарияланды, оның 205-сі басшылық тарапынан.

Ақпараттық технологияларды, оның ішінде интернет-алаяқтықты пайдалана отырып жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында, 2023 жылдың шілде айының 16 мен 21 күндері аралығында Жетісу облысы Талдықорған қаласы аумағында «Алаяққа жол жоқ» атты жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді және оған Жетісу облысы ПД-нің КПБ, ЕҚІҚБ, ҮҚҚКБ, ЭҚІҚБ, ТБ, АБ, ЖКБ, КСБ, АЖБ, ЖПҚБ, ӘПБ, ҚКПБ, АББ, ТҚеБ, 2-арнайы бөлімі, ҚКБТ, Талдықорған қ. ПБ-ның саптағы жеке құрамының 50% жұмылдырылды. Оның үстіне Жетісу облысы ПД ҚАПББ-нің қызметкерлері нұсқау бойынша, тұрақты негізде сенбі және жексенбі күндері интернет-алаяқтығы бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу туралы аудан және қала тұрғындарына түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, брошюралар таратуда. 2023 жылдың қараша айының 11 мен 12 күндері Текелі қаласы, Қаратал ауданында профилактикалық іс-шаралар өткізілді. Жетісу облысы ПД Криминалдық полиция басқармасымен ағымдағы жылдың басынан бастап тіркелген интернет-алаяқтық бойынша барлық қылмыстық істер әрдайым зерделеніп, талдау жүргізілуде. Интернет-алаяқтық бойынша қылмыстық істерді ашу және тергеу мәселелеріне ерекше назар аударылуда, бұл бағыттағы жұмыс жалғасып жатыр және Жетісу облысы ПД КПБ басшылығының бақылауында.

**– Қарапайым халыққа, жергілікті тұрғындарға берер кеңесіңіз?**

– Банк қызметкері ешқашан жеке деректер пен құпия таңбаларды телефон арқылы хабарласып сұрамайтынын есте сақтаңыздар. Түрлі маркетплейтерде зат немесе қызмет ұсынатын жарияламындарға алдын ала төлем жасамаңыздар. Қызмет не зат ұсынып отырған компанияны мұқият қарап зерттеп алыңыздар. Оңай ақшаға елітпеңіздер. Тегін ірімшік тек қақпанда болатынын есте ұстаңыздар. Алаяқтарға ұрынғаныңызды сезсеңіз құқық қорғау орындарына жедел телефон шалыңыз. Сол кезде ғана қылмыстың ізін суытпай ашу мүмкіндігі молаяды.

**– Сұхбатыңызға рақмет!**

**Нұрбол ЖЫЛЫС,**
**«Заң газеті»**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# МЕДИАНАРЫҚ ЖАҢА ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ДАЙЫН БА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кәсіби қауымдастықтар мен бұл салаға қатысы бар түрлі қоғамдық ұйымдардың ұсыныс-тілектері бойынша ширек ғасырдың ішінде 30-ға жуық өзгерістер мен түзетулер енгізілгенімен, саладағы қордаланған мәселенің түйіні тарқатылған жоқ. Сондықтан Мемлекет басшысы да 2022 жылғы 16 наурыздағы жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруда мүмкіндік беретін 10 бастаманың жетіншісі ретінде «Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайтуды» атаған еді.

– Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс. Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты. Мемлекет ашық ақпараттық кеңістік пен сұранысқа ие әрі пәрменді ақпарат құралдарын құруға айрықша назар аударады. Бұқаралық ақпарат құралдары билік пен халықтың арасындағы тиімді байланыс арнасы бола отырып, елдегі қордаланған мәселелерді көтере алады және көтеруге міндетті. ...Сондықтан мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарау керек, – деген Президент тапсырмасынан кейін мұндағы ахуал түзелетін шығар деген үміт оты пайда болды. Алайда БАҚ саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, олардың құқықтық негіздерін белгілеп, сөз және шығармашылық бостандығына конституциялық құқықты қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін реттейтін «Масс-медиа» туралы заңның жобасы жарияланған кезден бастап-ақ кәсіби ортада қатты сынға ұшырады. Жұмыс топтары мен Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палатада да қызу пікірталас тудырған заң жобасы Қазақстандағы БАҚ нарығын дамытуға арналған XV Медиа құрылтайда да сөз болды.

Қазақстан баспасөз клубы ұйымдастырған шара бұл жолы «Медианарық: біз қауіптерге және қайтадан жаңаруға дайынбыз ба?» деген тақырыппен өтті. «Қазақстанның медиа нарығы: заңнамалық саладағы өзгерістер, тәуекелдер, мүмкіндіктер» деп аталатын негізгі панелдік сессиясына депутаттар, Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палатаның төрағасы Айдос Сарым мен Жұлдыз Сүлейменова, Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Исқаков, «Әділсөз»қорының президенті Қарлығаш Жаманқұлова, Құқықтық медиа орталығының директоры және тең құрылтайшысы Дина Окремова, Exclusive сайтының бас редакторы Қарлығаш Еженова спикер ретінде қатысты.

Онда Қазақстан баспасөз клубының президенті Әсел Қараулованың «идеологиялық тұрғыдан қандай сын-қатерлерді көріп отырсыздар? Бұл заң жобасы қазір бізге не үшін керек?» деген сауалына А.Сарым: «сын-қатерлер өзгерген ақпараттық технология, жасанды интеллектіге байланысты. Жұмыс тобындағы әріптестерімізбен біз оны үнемі талқылаймыз. Жаңа заң ең бірінші болашаққа бағдарлануы керек» деді. Ал «этика біздің заңға керек пе? деген сауалға Ж.Сүлейменова: Мәжілістің 8-шақырылымының 2-сессиясында «Масс медиа туралы» заң жобасы келді. Оған дейін де көп сұрақтар көтерілді. Олардың басым бөлігі депутаттар тарапынан да қолдау тапты. Бүгінгі таңда әлемнің дамыған мемлекеттерінде журналистік этиканың жоғары стандарты қалыптасқан. Жұмыс тобында біз талқылап жатқан мәселеде осы этика мәселесін кім реттеу керек? Мемлекет пе, министрлік пе, әлде өзін-өзі реттейтін ұйымдар қажет пе? деген сұрақтар туындады. Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің, Жұмыс тобының мүшелері бұны өзін-өзі реттеу ұйымдары реттегені дұрыс деп ойлайды. Ал Мәдениет және ақпарат министрлігі мұны кәсіптік кеңестер арқылы реттеу қажет деген позицияда. Біз бұл норманы әлі талқылау үстіндеміз. Біз өз тарапымыздан 26-ға тарта норманы ұсындық», дегенді айтты. Оның айтуынша, біріншісі идеологиялық дербестікті сақтауға қатысты балалар әдебиетін, басылымдарын субсидиялауға қатысты. Екіншісі, «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» секілді ұлттық басылымдарды субсидиялау. Үшіншісі, шалғай ауылдарға газет-журналдарды жеткізу. Онда олар ұлттық оператор ретінде Қазпоштаны анықтаймыз ба, әлде басқа оператор қажет бола ма деген мәселе бойынша қызу пікірталас өткізген. Төртіншісі, мемлекеттік ақпараттық тапсырысқа қатысты.

«Мемлекеттік ақпараттық тапсырыс ашық және бұған қатысты есептілік міндетті түрде болуы керек. Біз мемлекеттік ақпараттық тапсырыстың тиімді жүзеге асырылуының жыл сайынғы есебін Жоғары аудиторлық палата арқылы немесе орталық мемлекеттік орган арқылы Парламентке берілуі қажет деген норманы ұсындық. Бұл да ауқымды концептуалды нормалардың бірі болды. Масс-медианың этикасы деген біз үшін алдымен журналистердің құқықтық кепілдіктерін сақтау. Сонымен қатар сенімді, шынайы ақпаратты жеткізу, субъективтіліктен алыс бола отырып, объективті ақпаратты қоғамға жеткізу. Мен өзім оны қоғам мен биліктің арасындағы байланысты нығайту деп түсінем» деген Ж.Сүлейменова өздерінің «Масс-медиа туралы» заң тек қана бүгіннің тәуекелдеріне емес, бүгінгі өткір сұрақтарға емес, біздің ұлт ретіндегі болашақ сұрақтарға да жауап беретіндей заң болуы үшін жұмыс жасап жатқандарын жеткізді.

Мәдениет және ақпарат вице-министрі барлық тәуекелдер мен басты бағыттар, басымдықтар ең алдымен Ақпараттық доктринада айқындалғанын атап өтті. Соның ішінде бірінші сөз бостандығы. Екінші, ақпараттық егемендігіміз. Үшінші, медиа саланың бәсекеге қабілеттігі, сонымен қатар ұлттық дәстүріміз ескерілген. Сондықтан олар ең алдымен журналистика қауымдастығы мен медиа саламен, әрбір азаматпен осы мәселеге қатысты жұмыс жасап жатқанын жеткізген Қ.Искаков: «Біз оппонент емеспіз. Бәріміз әріптеспіз. Біздің саясатымыз сіздерге кедергі жасау емес, уәкілетті органның басты жұмысы сөз бостандығын қамтамасыз ету. Әрбір журналистің жұмысына жағдай жасау. Сонымен қатар ұлттық ақпараттық кеңістіктің ақпараттық қауіпсіздік мәселесі. Қолданыстағы заң 1999 жылы қабылданған. 24 жылдың ішінде 30-ға жуық өзгерістер енгізілді. Яғни, біздің заңнамамыз ішкі, сыртқы ахуалға, біздің қазіргі боп жатқан жағдайға сәйкес келмейді заңнама жағынан да, ұйымдастыру жағынан да, ақпараттық технологияны дамыту жағынан да. Тіпті, түсіндірме сөздері бойынша да сәйкес келмейді. Өйткені моральдық тұрғыдан ескірген» деді.

Оның айтуынша, жаңа жобада қолданыстағы заңға қарағанда көп жеңілдіктер, оңды өзгерістер бар. Нақтылап айтқанда, біріншісі – журналист мәртебесіне қатысты. Қазіргі таңда кез келген азамат өзінің арнамына нұсқан келтірген ақпарат болса кез келген уақытта шағым бере алады. Министрлік оның мерзімін 3 жыл деп нақтылап отыр. Екінші, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша. Олар шекаралас аумақтарда немесе шалғай ауылдарда біздің теледидар хабарларын көрсету үшін шетелдік арналарды бұғаттау үшін немесе шектеу үшін арнайы субсидия мәселесін қарастырып жатыр. Үшіншіден, қызырлы органдардың журналистердің ресми сауалнамасына жауап беру мерзімі қазіргі заңнамада 7 күн болса, енді оны 5 күнге қысқартып жатыр.

«Пресс карта мәселесіне келсек, уәкілетті орган кедергі жасайды дегенге өз басым келіспеймін. Пресс карта мәжбүрлеу емес, ол тек қана мүмкіндік беру. Яғни кез келген тілшінің өз құқығы бар. Пресс карта алмаса қолданыстағы заңнама арқылы аккредиттеу жұмысын өткере береді. Егер сіз телефон арқылы жазылып, аккредитациядан өтетін болсаңыз ол өзіңіздің құқығыңыз. Егер сіз пресс карта алып, ешқайда жазылмай онлайн система арқылы, кюар код арқылы іс-шараға қатысам десеңіз ешқандай кедергі жоқ. Пресс карта мәселесі әлі қаралуда. Бұл норма емес. Министрлік ұсынған жоба, ұсыныс. Біздің басты мақсатымыз сөз бостандығын, медиақауымдастығының, әрбір тілшінің жұмыс жасауына жағдай жасау. Ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету. Осының бәрін ескере отырып біздің ақпараттық егемендігімізді нығайту мәселесі. Талқыланып жатқан заң жобасы ең алдымен сөз бостандығына кепілдік береді. Журналист мәртебесін көтереді. Ақпаратқа қолжетімділік мәселесін нығайтады. Ақпараттық тапсырыстың ашықтығын жария етеді», – деген Қ.Искаков заң жобасының әлі де талқыланатынын, онда барлық тараптың мүддесі ескерілетініне сенім білдірді. Ал талқылауы ұзаққа созылған заңның нақты қашан қабылданатыны тағы да белгісіз боп отыр.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЗАҢДЫҚ ТҰРҒЫДАН ТОЛЫҚ РЕТТЕЛМЕГЕН

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Заң факультетінде «Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға өту барысында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық мәселелері» деген тақырыпта халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Айтулы шараны Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Әбдуәлі Ереновтің – 100 және ҚазҰУ-дың 90 жылдығына орай ұйымдастырған болатын.**



**Асқар ӘБДУӘЛІҰЛЫ:**

Әр таң сайын әкеммен шай ішіп, әңгіме айтуды ұнататынмын. Ол кісі дана адам. Өте байсалды, әрқашан күлімдеп жүретін. Әр әңгімесінің түбінде ой жатушы еді. Бірде әкемнен белгілі тұлға жайлы ойын сұрадым. Елге танымал тұлға мен үшін тым биік көрінетін. Ал әкем ол адамның қуыс кеуде, мақтаншақ екенін жеткізді. «Мақтаншақтық ақылды әрі білімді адамның қылығы емес, бұл екеуі бір-біріне кереғар. Әрқашан қарапайым болу керек, адамзаттың бойындағы асыл қасиет осы» дейтін. Және ойын эмоцияға салып емес, салмақты, байсалды жеткізуші еді. Сонысымен де өзгелерден бөлек еді.

Әкем соғыстан бір қолсыз оралса да өзін мүгедек санаған жоқ. Сүйікті ісі аңшылық еді. Саятқа шыққанда бір қолымен-ақ қару ұстап, олжалы қайтатын. Мен ес білгелі әкемді көбіне жұмыс үстелінде, жазып отырған кейпінде танимын. Әсіресе, кітапханадан шықпайтын. Соны байқаған тарихшы Әлкей Марғұлан «не қылған адам?» деп әкем туралы кітапханашылардан сұрапты. Әкемнің заңгер екенін білген соң:

– Әй, Әбдуәлі, осы жерден өзіңді көп көремін. Бірде жазып, бірде оқып отырасың. Жалпы сен заңгер емессің ба?

– Иә, дәл солай.

– Онда кітапханада неге жүрсің? Архив қопару біздің іс емес пе, сен заңгерсің ғой, – деп қағытып қалыпты. Әкем сонда «баяндама дайындап отырмын» деп жөнін айтқан. Сол кезде әкем жаңа Жер кодексін дайындап жүрген екен. Сондағы әкемнің өз ісін соншалықты жақсы көретініне, еңбекқорлығына таңданамын. Ал енді бүгін өтіп жатқан шара сол еңбектің жемісі және жалғасы деп білемін.

**Есберген АЛАУХАНОВ:**

*заң ғылымының докторы, профессор.*

Әбдуәлі Еренұлы – үлкен ғалым. Кеңестік дәуірде ауыл шаруашылығы, аграрлық құқықтың негізін салды. Осы бағытта көптеген құқықтық-нормативтік құжаттар дайындап, ұрпаққа азық болар біршама еңбек қалдырды. Сұм соғыста ағамыз қолынан айырылып еді. Десе де, бейбіт өмірге оралған соң да еңсесі түспеді, ғылымнан, ізденуден бас алмады. Әбдуәлі Еренұлының шәкірттері өте көп. Соның әрқайсысы бүгінде мықты ғалым.

Ал мына конференцияның мақсаты бір жағынан Әбдуәлі ағамызды ұлықтау болса, екінші жағынан ісін жалғастыру. Экологияға қатысты заңдар бізде бар болғанымен, олар өте осал. Экологияға қатысты мәселелердің көп болуы да осыдан. Батыс, Шығыс Қазақстан жерлерінде ауа, жер, су сапасы нашар. Бұған кінәлі – сол өңірдегі зауыт-фабрикалар. Осы түйткілдерді шешіп алу маңызды.

**Лаззат ЕРКІНБАЕВА:**

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор:*

Бүгінгі шараның басты мақсаты экологиялық қауіпсіздік, тұрақты даму және соның құқықтық мәселелерін талқылап, нақты ұсыныстар беру. Яғни құқықтық тұрғыдан теория мен тәжірибені ұштастыру. Бұл шара ұстазымыз, ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, профессор Әбдуәлі Ереңұлының 100 жылдығына және ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналып отыр. 2022 жылы Конституцияға өзгерістер енгізілгені белгілі. Өзгеріс бойынша табиғат байлығы енді «Қазақстан халқының меншігі» саналады. Ендігі мәселе осы меншікті қалай дұрыс пайдаланамыз? Осы механизм заңда талқыланбаған.

Екінші түйткіл – су мәселесі. Ғалымдардың Орта Азиядағы су мәселесіне қатысты болжамы шындыққа айналып келеді. Осыған байланысты түрлі шаралар қолға алынды. Бүгінгі күні Парламентте су мәселесіне қатысты заң жобасы әзірленуде. Мұндағы мақсат осы заң жобасын барынша екшеп, әсіресе шекаралық су мәселесіне айрықша көңіл бөлу маңызды. Үшінші мәселе – жануарларға қатысты. Әсіресе, Қызыл кітапқа енген аң-құстар популяциясын, көші-қонын бақылау жүйеленбеген. Жақында сайғақтарға байланысты орын алған жағдай осындай есептердің жетімсіздігінен. Бұл бізге сабақ болу керек. Төртінші мәселе – жер асты суларына қатысты. Елімізде бұлақтар жетерлік. Десе де, сол бұлақтардың тазалығын, жай-күйін сақтап қалуға көмектесетін бір де бір кодекс жоқ. Бұлақ суынан кәсіп жасап жүргендер баршылық. Ал су шығынын есептеп, пайдалану шегі еш жерде бекітілмеген. Бұның соңы да жақсылыққа алып келмесі анық. Келесі үлкен мәселе – қалдықтар. Қалдықтардың өз жіктелуі, жиналу және өңдеу жүйесі қарастырылған. Алайда заң іс жүзінде толыққанды орындалып жатқан жоқ. Міне осы сияқты экология және жер мәселесіне қатысты түйткілдер жетерлік. Бұл тек мемлекет мойнындағы жұмыс емес. Экологиялық түйткілдерді шешу – әр адамның мойнында.

**Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА:**

*Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі:*

Халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірбиелік конференциямызға Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Польша, Индонезия мемлекеттерінен өкілдер қатысты. Маңызды басқосу Әбдуәлі Еренұлының 100 жылдығы және Ұлттық университеттің 90 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл қара шаңырақтың мерейтойына арналған алғашқы шара. Конференцияға шәкірттеріміз де белсенді атсалысып, экология мәселесін құқықтық реттеу бойынша эссе жазды. Жас буынға стимул беру үшін жүлделі орындар белгіленіп, сый-сияпаттар берілді. Жарысты осы салаға жанашыр жандар қаржыландырды. Оған шет елдер мен елімізден 48 студент қатысты. 3 адам жүлделі орынға ие болды. 1 орын иесіне 100 мың теңге, 2 орынға 75 мың теңге, 3 орынға 50 мың теңге жүлде табысталды. Үздіктерді қазылар алқасы анықтады.

Конференция барысында Қазақстанның жер және экологиялық заңнамасының, орнықты дамуға көшу жағдайында табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, елдегі экономикалық саясаттың басымдығы ретінде жер қойнауын пайдалану жүйесін қалыптастыруға, табиғи ресурстарды есепке алуды цифрландыруға, олардың жай-күйіне мониторинг жүргізуге, қолданыстағы экологиялық заңнаманы жетілдіруге қатысты мәселелер қаралды.

**Нұрбол ЖЫЛЫС,**
**«Заң газеті»**

ТАҒЫЛЫМ

# ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

**Келер ұрпақтың адал, ұлтжанды, тағылымды болып өсуі отбасында берілген тәлім-тәрбиеге тікелей байланысты. Жас баланың жақсылыққа құштар, жамандықтан алыс жүруі ата-ананың болмыс-бітімі, үйреткен ақыл-кеңесімен тамырлас. Өйткені ата-ана – бала үшін айна іспеттес. Бабаларымыз «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанды соны іледі» дегенді бекер айтпаған.**

Ғасырлар бойы басты құндылық ретінде дәріптелген отбасылық тәрбиенің соңғы жылдары назардан тыс қалғаны рас. Ақпараттық қауіпсіздікке мән бермеудің кесірінен еліміз өзге елдер мәдениетінің ықпалында қалды. Соның кесірінен «өзім білем» дейтін, ата-ананың ақылы мен қамқорлығын аяқасты ететін балалар көбейді. Бұл тенденция жас отбасылардың отау құрмай жатып, ажырасуына да түрткі болып отырғаны шындық.

Бүгінде сотта неке бұзу туралы арыз-шағымдар өте көп. Ажырасуға бел буған ерлі-зайыптылардың сылтауы әртүрлі. Соның ішінде тұрмыстық зорлық, жұмыссыздық, алкоголь мен есірткіге тәуелділік, мінездің үйлеспеуі, ата-ананың ықпалы жиі айтылады. Және кейінгі кезде ойынқұмарлық пен жарының өзіне көңіл бөлмейтінін, пікірімен санаспайтынын айтып ренішін білдіретіндер пайда болды. Бұл түптеп келгенде отбасылық құндылықтың әлсірегенін, ерлі-зайыптылардың некелік өмірге немкетті қарайтынын көрсетті. Сондықтан, ажырасу мәселесіне тек некенің бұзылуы деп қарамауымыз керек. Өйткені, ажырасудың салдары ең алдымен бала психологиясына теріс әсер етеді. Балаға әкенің қолдауы да, ананың мейірімі де керек. Ал өзімшіл ата-ана ажырасарда баланың емес, көбінесе өзінің ертеңін ойлап жатады.

Ажырасу – мемлекет дамуына да кері әсер ететін фактор. Себебі, некенің көп бұзылуы мемлекеттегі толық емес отбасылар санын көбейтеді. Соның салдарынан жалғызбасты аналар, қараусыз балалар мәселесі туындайды. Отбасын асырау үшін күндіз-түні тынбай жұмыс істеген аналардың бала тәрбиесін уысынан шығарып алатынын, бақылаусыз балалардың қылмысқа ұрынатынан сот тәжірибесінен байқап жүрміз. Сондықтан, отбасылық одақты сақтау, некенің бұзылуына жол бермеу маңызды. Бұған енді тек ерлі-зайыптылардың жеке мәселесі деп қарамау керек. Отбасын сақтауға, балалардың бақытты шаңырақта тәрбиеленуіне барлық құзырлы органдар мүдделі болуы тиіс.

Жоғарғы Соттың мұрындық болуымен елімізде отбасылық сот пилоттық жобасы қолға алынды. Біраз жыл азаматтық істерді қарайтын соттар мен кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған соттар жанында жұмыс жүргізген Отбасылық сот пилоттық жобасы некені сақтауға қатысты көптеген түйткілдерді шешудің нақты тетіктерін көрсетіп берді. Соның нәтижесінде бұған дейін азаматтық соттардың юрисдикциясында болып келген бірқатар істер ювеналды соттардың қарауына берілді. Бұл жаңашылдық отбасы дауларына қатысты істерді бір соттың шеңберінде реттеуге бағытталған. Әрі ювеналдық соттардың құзыретін кеңейту отбасына байланысты көптеген істерді бір ортада, сапалы қарауға жағдай туғызады.

Жалпы, отбасылық құндылықты сақтауға басымдық беру арқылы талай толғақты сұрақтардың шешімі табылар еді. Ол үшін кемшіліктің салдарымен емес, себебімен күрескен орынды. Мәселен, соттар тараптар ажырасуға арыз бергенде ғана оларды татуластыруға, ашумен емес, ақылмен шешім қабылдауға шақырып жатады. Ортадағы баланың болашағын ойлауға кеңес береді. Бірақ, сотқа тараптар іс әбден ушығып, ерлі-зайыптылар арасындағы жұбайлық қарым-қатынас салқындағанда келеді. Бұл кезде ажырасуға тастүйін бекінгендерді мәмілеге келтіру өте қиын.

Сондықтан, азаматтық заңнамаға өзгеріс енгізе отырып, неке, отбасылық дауларды сот қарауына ұсынғанға дейін тараптардың медиаторлар алдынан өтуін міндеттеген дұрыс-ақ. Сонда медиаторлардың да белсенділігі артып, формальды емес жағдайда, еркін ортада қос тарапты татуластыруға мүмкіндік туады. Жалпы, неке бұзуға шешім қабылдаған жандарға психологтың, медиатордың, билер кеңесінің немесе ардагерлер алқасының ақыл-кеңесі ауадай қажет. Өз саласын жетік білетін мамандар отбасылық мәселелерді реттеудің түзу жолын нұсқап, ажырасудың азаюына айтарлықтай ықпалын тигізер еді.

**А.МУСИНА,**
**Ақтөбе қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

СОТ СӨЙЛЕСІН



# БІРЫҢҒАЙ СОТ ТӘЖІРИБЕСІ СЕНІМДІ НЫҒАЙТАДЫ

**Бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастырудың маңызы үнемі айтылып, қоғам тарапынан жиі талқыланып келе жатыр. Бұл сот жұмысының сапасын жақсартуға, сотқа деген сенімді нығайтуға септігін тигізетін пәрменді құрал.**

Мемлекет басшысы өзінің алғашқы жолдауында-ақ бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыруға көңіл бөліп: «Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқығын қорғаудың және қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы. Соған орай сот шешімдерінің сапасын арттыру, бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыру, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды шешуде әкімшілік әділет құрылымын енгізу керек» дей келе, құзырлы орындарға арнайы тапсырма жүктегені мәлім. Осы тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында судьялар корпусын сапалы кадрмен толықтыру, судьяларды артық жүктемеден арылту, сот жұмысына жаңа форматты технологияны енгізу бойынша ауқымды шаралар қолға алынды. Заңдарға өзгерістер енгізіліп, фронт кеңселер ашылды. «Сот үкімі туралы» және «Сот шешімі туралы» нормативтік қаулыларға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, тараптарға сот процесі бойынша жан-жақты түсіндірме берудің негізі жасалды.

Жолдауды басшылыққа ала отырып жүргізілген айтулы жұмыстардың бір парасы бірыңғай сот тәжірибесін орнықтырумен байланысты. Бұрын бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастырудың жылдар бойы келе жатқан дәстүрлі әдістері болатын. Айталық судьяларға жол көрсету мақсатында Жоғарғы Сот бір мазмұндас істер бойынша нормативтік қаулылар қабылдап, сот тәжірибесінің талдаулары мен тұжырымдамаларын жасап судьяларға ұсынатын. Сондай-ақ, жергілікті соттар Жоғарғы Соттың нақты бір істер бойынша қаулыларын бағдар ететін еді.

Ал бүгінде бұл қатарға IT құралдар қосылды. Жаңа технологияның арқасында судьялар белгілі бір істерді қарағанда республикадағы ортақ тәжірибені сараптап, өзіне үлгі ете алады. Мысалы, Қазақстан Республикасы сот органдарының «Төрелік» деп аталатын автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі бар. Бүгінде жұмысын бір арнаға түсірген бұл жүйеде судьялар шығарған шешім, үкімдер жинақталған. Сол арқылы судьялар шешім қабылдаған кезде нақты бір істер санаттары бойынша сот практикасымен, Жоғарғы Соттың талдаулары мен тұжырымдамаларымен таныса алады. Мұндағы «Судьяларға көмек», «Сот практикасы» және басқа да модульдер республика бойынша бірыңғай сот тәжірибесінің қалыптасуына септігін тигізеді.

Бұдан бөлек, Жоғарғы Соттың интернет-ресурсындағы «Талдау» форумының да орны бөлек. Бұл форум кәсіби заңгерлер мен жалпы халыққа қолжетімді. Осы сервистің көмегімен «Сот практикасының цифрлық талдау» жүйесін апробациялауға мүмкіндік туды.

Сот саласын цифрландырудың игілігі аз емес. Жаңа технология істерді жедел, тиімді қарап, құжат дайындау ісін жеңілдетіп қоймай, судьяларға іс бойынша болжамды нәтижені көрсетуге көмектесуде. Сонымен бірге Жоғарғы Сот кейінгі уақытта тәжірибеге енгізген Smart-Bridge платформасының да маңызы ерекше. Платформаны тараптар деректерді «Сот актілерін іздеу», «Істің нәтижесін болжау», «Контрагенттерді тексеру» және «Талап арыздарының конструкторы» және т.б. қызметтерін жасау үшін пайдалана алады.

Жаңа технология сот саласын адам танымастай өзгертті. Сол сияқты бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыру үшін енгізілген жаңа технология жетістіктерінің оң нәтижесін көретін күн де алыс емес.

**Е.БОЛАТОВ,**
**Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

**25. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына конкурс жариялайды**

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:**

**1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:**

«Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарабастау ауылы, Таңбалы көшесі, 5 Б үй мекенжайында орналасқан, тел. 8(72770) 2-78-65.

Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты оның құрамына кіретін тарихи-мәдени мұра объектілерін және олар орналасқан аумақтарды анықтау, зерделеу, қорғау және сақтау, түпнұсқалы мұражай коллекциялары негізінде көркем және ғылыми экспозицияларды жасау және оларды кеңінен тарату болып табылады.

**2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызметтер (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

Мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекіткен басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес болуы тиіс.

**3. Лауазымдық міндеттері:**

Мекеменің өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйым мүлкін сақтау және тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; ұйымның саясаты мен стратегиясын белгілейді, оның бөлімшелерінің музей қорын қалыптастыру, сақтау бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекет және қоғам мүддесі үшін қорғау және пайдалану бойынша жұмысын үйлестіреді; музейдің (музей-қорықтың) жоспарларын, бағдарламалары мен жобаларын жасау және жүзеге асыруға басшылық етеді, қызмет бағыттары бойынша олардың орындалуы жөнінде құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді; ғылыми-зерттеу қызметіне жетекшілік етеді, Қазақстан халқының мәдени құндылықтарын, тарихи-мәдени мұрасын насихаттау мен дәріптеуге бағытталған іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді; Қазақстан Республикасының және шет елдердің мәдениет және өнер ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді; ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру бойынша шараларды қолданады; директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың жетекшілері мен мамандары арасында жұмыстың жекелей бағыттарын бөледі; шарттарды жасайды және бұзады, мәмілелер жасайды, сенімхаттар береді, қажетті есептілікті ұсынуды қамтамасыз етеді, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

**4. Білуге тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін;«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексін; Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін; Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін; «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы», «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын; дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын, ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

**5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:**

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері (қосымшаларымен);
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;
6) 075-у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
7) жеке куәлiктің көшірмесі;
8) адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәлімет (кандидатпен EGOV арқылы алынады).

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде 2023 жылғы «29» қарашадан бастап 2023 жылғы «13» желтоқсанға дейін жүргізіледі.

**6. Конкурстың өткізілетін күні мен орны:**

Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14- кіреберіс.

Конкурс қатысушыларына әңгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14-кіреберіс, 255-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

**Толық ақпаратты +7 (7172) 74-05-84 телефоны бойынша алуға болады.**

## ТАРАТУ

2. «Infinity Firm» ЖШС (БСН 180740022040) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 30/1 үй, 41-пәтер.

3. «Медицинский центр «Сапа Плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 170240032870, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, 4 ықшамаудан, 27/2 үй, 51-пәтер.

4. «Gold Logistic» ЖШС, БСН 171140014198 (ҚР, Ақтөбе обл., Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Нұрахмет Қаржаубаев көшесі, құрылыс 11), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Батыс 2, 48 Г үй, 48-пәтер. Тел.87778883040.

5. «Гульнара Экибастуз» ЖШС, БСН 211240029269, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Естай Беркімбаев көшесі, 84-үй, пәтер (кеңсе) 13. Тел.: 87010350783.

6. «GulШырын SA» ЖШС, БСН 160740024866, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Навои көшесі, 37-үй, 230-пәтер. Тел.: 87052509161.

10. «Дом по проспекту Абая 57» мүлік иелері бірлестігі, БСН 230340038341, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Абай даңғылы, 57-үй.

11. «Голден эпл Казахстан агрикалчурал Ко., Лтд» ЖШС (БСН 161240013726) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Гоголь көшесі, 86-үй.

12. «Grand Resource» ЖШС, БСН 211140035468, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Республика даңғылы, 78-үй, 40-пәтер. Тел.: 87057399554.

13. «Qazaq Export Center» ЖШС, БСН 200840012172 (Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әуезов көшесі, 44-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Кенесары хан көшесі, 54/32 үй, н.п.54. Тел.: 87012214674.

14. «Marina & Co (Марина энд Ко)» ЖШС, БСН 221240040688 (Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Айманов көшесі, 172-үй, 15-пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Кенесары хан көшесі, 54/32 үй, н.п.54. Тел.: 87012214674.

16. «SBL Company» ЖШС (БСН 210240026955) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қ., Жетісу ауданы, Сүйінбай даңғылы, 16-үй.

17. «ACM company» ЖШС, БСН 100640014190, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Гагарин көшесі, 21-үй, 20-пәтер.

18. «ЖилСтройФонд» жеке тұрғын үй құрылысын қолдау мен ұйымдастыру қоры» қоғамдық қоры, БСН 100140017870, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Хон Бен До көшесі, 40, тел. 87012272739.

19. «Джонсон Контролс» акционерлік қоғамының Алматы қаласындағы (Қазақстан Республикасы) филиалы, БСН 061041013199, өзінің жойылатыны (есептік тіркеуден шығарылуы) туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050059, әл-Фараби даңғылы 19, «Нұрлы-Тау» бизнес орталығы, 1Б блогы, 404 кеңсе, тел. +7(727)3111700.

21. «Стройгарант-2030», БСН 030640013107, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Ғабдуллин көшесі, 5-үй, 403-кеңсе.

22. «Элитное Агентство Недвижимости» ЖШС, БСН 030340009603, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Ғабдуллин көшесі, 5-үй, 403-кеңсе.

23. «Ace cop» ЖШС, БСН 120340008307 (Қазақстан, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Ілияс Жансүгіров көшесі, 234-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жібек Жолы көшесі, 34-үй, 12-пәтер, тел.: 87017707101, 87762060909.

24. «High One» ЖШС, БСН 210840000527 (Қазақстан, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Алмалы ауылы, 41-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жібек Жолы көшесі, 34-үй, 12-пәтер, тел.: 87017707101, 87762060909.

## ӘРТҮРЛІ

7. «АЛАМАН KZ» ЖШС, БСН 100440014282, өзінің «Golden plate» ЖШС-не, БСН 150540000730, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 33/3 үй.

8. «Golden plate» ЖШС, БСН 150540000730, «VERTEX KZ» ЖШС-не, БСН 140340009201 және «АЛАМАН KZ» ЖШС-не, БСН 100440014282, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, әл-Фараби даңғылы, 13-үй.

9. «VERTEX KZ» ЖШС, БСН 140340009201, өзінің «Golden plate» ЖШС-не, БСН 150540000730, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 33/3 үй.

26. Қышыма ауруының ошағында жүргізілетін қорытынды залалсыздандыру жұмыстары

Тері жұқпалы ауруларының бірі – қышыма (чесотка). Қышыма қотыр кенесі таратады. Қоздырғыш адамның терісіне жұққан сәттен-ақ өзіне «жайлы орын» жасай бастайды. Ұрғашысы адамның терісіне енгеннен кейін жұмыртқа салып, жылдам көбейеді.

Бірнеше күннен кейін ол құртқа (личинка) айналып, бір аптадан соң ересек қышыма кенелер пайда болады. Қышыма адамнан адамға жылдам жұғады. Әсіресе, отбасы мүшелеріне тез тарайды. Яғни, қышымамен ауырған адаммен тікелей қарым-қатынаста болғанда, сондай-ақ олардың пайдаланған төсек-орындарын, іш киімдерін, киім-кешектерін, сүртінетін орамалдарын, жөкелерін (мочалка), қолғаптарын, басқа да заттарын пайдаланғаннан жұғады.

Қышыма адамға үй жануарларынан жұғуы да мүмкін. Аурудың жасырын кезеңі 7 күннен 10 күнге дейін, кейде 1,5 айға дейін созылуы мүмкін.

Қолдың саусақтарының арасында, кеуде мен іштің, санның, аяқтың терісінде бөртпелер және қышыма пайда болады.

Тері ауруларының белгісі байқала салысымен-ақ, дер кезінде дәрігерге көрініп, нәтижелі ем қабылдау қажет. Қышымаға қарсы арнаулы емді тері ауруының дәрігері ғана жүргізеді.

Қышыма жұқтырған адам ауруханаға жатпай, үйде емделсе, оның төсек-орны, тұтынатын заттарын өзге отбасы мүшелерімен араластырмай, жеке ұстаған дұрыс. Кірлеген киімдерді де бөлек жинап, бөлек жуған жөн.

**Г.П. АСИЛХАНОВА,**
**ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК**
**«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының эпидемиолог көмекшісі**

## БАНКРОТТЫҚ

15. Астана қаласының 09.11.2023 жылғы №7119-23-3-1/13236 ММСҚ ұйғарымымен оңалту рәсімін тоқтату және «Құлагер құрылыс корпорациясы» ЖШС, БСН 030440001087, банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптарды қанағаттандыру бір күнтізбелік ай ішінде Астана қаласы, «Санкт-Петербург» бизнес орталығы, Достық көшесі, 20 үй, 1905 кабинет мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Теміртау қалалық сотының судьясы Ержан Серікұлы Тастанбековке

**анасы Маркен Төлеуханқызының**

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

**Алматы қаласы**
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

**«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.**

**ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,** Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

# КІШКЕНТАЙ ҚЫЛМЫСКЕР

Аядай қалашық шу ете түсті. Бұл қалашық жабық саналатын. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қала тозып, біраз жұрт Ресейге қоныс аударып, қала босап қалған. Кейін табиғаты мен көркі тартты ма екен, біраз жұрт қайта көшіп келді. Дегенмен, үлкен қалалардан алыстау, шағын ғана әскери базасы бар қалашықта халық саны отыз мыңнан сәл ғана жоғары. Қазақ-орысы аралас Б қалашығында ұлтаралық немесе «рушылдық» деген жанжал болмайтын. Десе де, соңғы кезде «өз құқығымыз» деп қазақ тілінде қызмет жасауды талап еткендер саны көбейіп, бұрынғы тұрып келе жатқан өзге ұлттардың шамына тигендей болған. Заңның аты заң, қалай айтса да заң талабымен талап еткендердің дегені жүріп тұратын.

## Кекшіл

Әлия мен Настя көрші. Екеуінің де әкесі әскери базада қызмет етеді. Настяның әкесінің дәрежесі сәл үлкен болған соң ба, ылғи бұйырып сөйлейтін. Бұл жағдай балаларға да әсер етіп, Настя ылғи да едірендеп жүргені. Қазақстанда тұрса да бір ауыз қазақша білмейтін Настяның анасы жалғыз қыздан кейін көтермей қалған. Б қалашығында туып өскен Валентина бұрынғы кездерін жиі аңсайды. Әкесі осы қалашықтың бастығы болған соң, Валяның дегені бүкіл қалада жүріп тұратын. Інісі екеуінің ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Мұғалімдердің өзі сыйлап, сабақты жарытып оқымаса да жақсы баға қоятын. Бірақ, көтермелеген баға білім болсын ба? Оқуға түсе алмаған Валя тездетіп күйеуге шығып кеткен.

Шешесінің ақылымен жуастау жігітке тұрмысқа шықты. Ол жігіт кейін қайын атасының шарапатымен жақсы жерге жұмысқа кірді. Барлығы жақсы еді, тәуелсіздік алған жылдары да айналасындағылардың аса қатты еркінсінгенін көрмеген. Б қалашығы қалай жабық қалашықтан елдің барлығы кіре алатын ашық мекенге айналды, солай қазақтар көптеп көшіп келе бастады. Бұрынғы дәуірлері келмеске кетті, қазақ сыныптары көптеп ашылып, жиналыстар қазақ тілінде жүргізіле бастады. Валя белсенді ретінде барлық жиналыстан қалмайтын. Бір-екі рет шу шығарып көрді. «Ұнамаса, көшіп кет» деп халық шуылдап кеткен соң, онысын да қойды. Дегенмен, өзінің сөзі өтетіндерге, жолдасының қол астындағылардың отбасына өктемдік жүргізіп қояды. Қызы Настя анасының көшірмесі өзімшіл, кекшіл-ақ.

## Жоғалған қыз

Сол күні түске таман Әлия анасына көршіге ойнауға кеттім деп шығып кеткен болатын. Түске таман сол үйден хабарласқан қызы, тамақты да осы жерден іше саламын деген еді. Валя үйіне келген қызының құрбыларын өте жақсы қарсы алатын. Тамағын беріп, таңсық астарын жасап жүретін. Бұны білетін Әлияның анасы кешке дейін қызын іздеген жоқ. Тек кешкісін жолдасы келген соң, Әлияны сұрағанда Валяныкінде деген. Бірақ жолдасы қызын алып кетуге барғанда қыз жоқ болып шықты. Түскі астан кейін, екеуі бірге шығып кетіпті. Настя кейін үйге Әлиясыз жалғыз келген. Оны үйіне кетті деген соң, тыныш тамақтарын ішіп, отырған екен. Әлияның әкесі Настядан қызының дерегін сұрайын деп еді, «ол ұйықтап қалды» деп бет қаратпаған Валя қонағын үйден қуып шыққандай шығарып салды.

Түнімен қыз баланы іздеуге бүкіл әскери бөлім жұмылдырылды. Бала жоқ... Б қалашығы кішкентай болғанымен, жан-жағы тұмса табиғатқа бай, қалтарысы мол. Іздеу қиынға соққан соң облыстан көмек сұралды. Ізшіл иттер неге екенін ауылдан шықпай қойды. Қатаңдау үкім болса да, «мүмкін қызды бірдеңеге орап, исі шықпайтындай хлорлап алып кеткен болар» деген із кесушілер қалашықтың айналасын тінтуді тоқтатқан жоқ.

Іздеудегі үшінші күн. Елдің бәрі қыздың амандығына күмәнмен қарап, енді денесін тапсақ игі деп түңіле бастаған сәт еді.

## Жазықсыз

Жалғызбасты Николай Б қалашығына жақында көшіп келген. Әйелі үйін сатып, балаларын алып, шетелге кетіп қалған. Николай арақ ішетіні болмаса былайынша момын жан. Әлия жоғалатын күні Николай өзінің айтуынша ешқайда шыққан жоқ. Жалпы шығатын жері де жоқ еді, әскери полигонда ерте зейнетке шығарып жіберген соң аздап ағаш ұсталығымен айналысып көрді. Әйелі тастап кеткен соң, әжептәуір басталған ісі аяқсыз қалған болатын. Ресейге көшіп кеткен танысы «менің үйімде тұра бер» деп осы қалашықтағы үйінің кілтін берген.

Николайдың уақытша панасы қалашықтың шеткі көшелерінің біріндегі шағын үй. Бұл жерге келген соң да ағаштан түйін түйетін кәсібін тастамай, елдің жұмысын істеп, тамағына жетер ақшасын тапты. Қыз жоғалардан бір күн бұрын, біреудің қисайып кеткен шарбақтарын түзеп 3-4 күнге жетерлік нәпақасын тапқан. Сұмдығы, жоғалған қыздың бас киімі дәл осы Никалайдың есігінің алдынан табылды. Анасы қызының телпегін жазбай таныды. Шыңғырып жіберген әйелінің жанына келген әкесі бәрін көріп, бірден үйге қарай ұмтылған. Николай есін білмей арақ сасып өзімен-өзі сөйлесіп жатыр екен. Үйге топырлап адамдар кіріп келгенде саспады.

– Вера, көрдің бе бұлар маған күнде келеді. Фашист бәрі, бұлар мені алып кетеді соғысқа, – деді тілі күрмеле.

– Қыз қайда, – деп, ақырып жіберген Әлияның әкесі өзін әрең ұстады.

Соңынан кірген адамдар үйдің астаң-кестеңін шығарып тінтуді бастап кетті. Сәлден кейін қыздың күртешесі табылды. Әдемілеп жоғарыға іліп қойған екен. Ең сорақысы, қыздың денесі де үйден алыс емес, Николайға тиесілі аумақтан табылды.

Николайды дедектете бөлімшеге алып жүрді. Есі кіресілі-шығасылы болғандықтан тергеу кейінге қалдырылған. Бұл уақытта қызға сараптама жасалып жатты. Никалайдың үйінен табылған соң бірден жыныстық зорлық-зомбылық сараптамасын тағайындаған. Бірақ қыз зорланбаған, денесінен де қинау, ұру белгілері байқалмады. Өлімнің себебі көкжелкеден тиген ауыр соққымен байланысты. Жас баланың денесі ондай ауырлықты көтере алмай, шүйдесі шытынап жарылған. Ауыр соққы тамырды үзіп, ішке біраз қан кеткен. Қыз ауырсынып емес, ауа жетпей көз жұмған екен.



Николай ертесі есін бірден жинады. Өзінің қайда жатқанын да пайымдады, қорғаушы жалдар күші жоқ сорлы не істерін білмеді. Айқай салған тергеушілерге жасқана қарап, өзінің үйден мүлдем шықпағанын міңгірлеп айтқан болды. Сот үкімі де жылдам болды. 25 жылды арқалап кеткен Николай сотта кемсеңдеп, өзінің кінәсіздігін дәлелдей алмай тұтығып отырды.

## Таспадағы таныс бейне

Уақыт өтіп жатты. Бір күні дәл осы жағдайға байланысты танымал блогер ел күтпеген мәлімдеме жасады. Барша БАҚ өкілдерінен араша сұраған ол, Николайдың сол күні үйден шықпағанын дәлелдейтін ілік тапқанын жеткізді. Іле бейнекөрініс те қылаң берген, тастай қараңғы далада бір кішкене қызды жетектеген әйел адам ұрлана басып Николайдың үйіне кіріп кетеді. Арқасында үлкен қап бар. Артынша бүлдіршін қызды ерткен әйел жылдам шығып кетеді.

Бұл көрініс Николайдың үйінің қарсы бетінде тұратын дүкеннің бейнекамерасына жазылған екен. Ұры-қарыдан сақтанып, бейнекамера қойғызған кәсіп иесі тергеу басталғанда-ақ жедел уәкілдер таспаны сұратқанын, бірақ көшіріп берем деп жүргенде қылмыскер табылды дегенді естіп қоя салғанын айтты. Ал аталмыш блогер Николайдың ұлымен бірге оқыған екен. Жаңалықты естіген соң түрмеде Николаймен кездесіп, жазықсыз екеніне сенген. Сосын өз бетінше ізденген ол таспаны тапқан. Көп ұзамай қоғамдық талқыдан кейін Николай бостандыққа шықты. Бірақ дала бұлыңғыр болғандықтан ана әйелдің кім екені анықталмаған еді.

Әлияның әкесі ойланып отыр. Бейнетаспадағы әйелдің Валя екеніне күмән жоқ, бірақ дәлел қайсы? Қалай ұстаймыз, қызымды өлтіргенін қалай дәлелдейміз?

## Сом темір

Настя сабаққа барып жүр. Қазір келесі көшедегі Сабринамен достасқан. Сабрина Әлия сияқты емес, орыс тілін жақсы білмейді. Сондықтан екеуі бір-бірін түсіне бермейтін. Бір күні Сабрина мен Настя жанжалдасып қалды. Сабрина айқайлап тұрып «мені де тура Әлия сияқты өлтіресің бе» деген, Настя «иә анау сом темірмен соғамын» деп қалды. Ертесі сом темір жоғалып кетті. Валя қақпаны тіреп қоятын сом темірді аздап жоқтап, «әй жарайды нан таппай жүргендер темірге өткізіп жіберген болар» деп қойды.

Түн ортасы. Ұрлана басқан сом темірі бар ер адам қолында Әлияның үйіне келді. Есікті ашқан Әлияның әкесі состиып тұрып қалды, келген Николай еді. Ақырын гүбірлескен екеуі аздан соң қараңғыға сіңіп жоқ болды. Таң ата арнайы көліктер Валяның екі қабатты үйінің алдына тоқтап, ішінен Әлияның әкесі заң өкілдерімен түсті. Бірден Валяны тергеуге әкелді. Түрмеден шыққаннан кейін Николай шынайы қылмыскерді қалай да табамын деп Валяның үйін аңдуға кіріскен. Тәттілермен алдап, Сабринаның аузына сөз салған. Сом темір туралы естіген соң бірден ұрлап әкеткен.

Сотта Валя қылмысын бірден мойындады, қызымен жанжалдасып қалған Әлия ет қызуымен Настяны итеріп жіберген екен, басымен сом темірге құлаған қызының жарасын көріп, жәй ғана темірді серпіп жіберіпті-мыс. «Өледі деп ойламадым» деді күрсінген Валя.

Валя адам өлтіру бабымен қоса, қылмысын жасырды деген баппен де сотталып кете барды. Бірақ Николай сенбеді. Ол Валяның бір нәрсе жасырып тұрғанын түсінді. Жедел жәрдемде істейтін таныс әйелдің есігін тегін жасап беруге келісіп, бір ақпаратты сұрастырды. Күдігі расталды. Сол күні Валя ешқандай бас жарақатымен жедел жәрдем шақырмаған.

Күндер сырғып өтіп жатты. Настяның әкесі бүгінде қарапайым әскери қызметші. Шешесі түрмеге кеткелі Настя тұйықталып қалған. Сабринаның қылықтары жынына тисе де шыдап жүр. Ақыры шыдамы таусылды. Сол күні кешкісін Сабринаны үйіне шақырған Настя кездесуге кәдімгідей дайындалды. Анасына ескертусіз шыққан Сабрина көше бойлай жүгіріп келді. Әдемі қуыршағымды беремін деп шақырып алған Настяның ішкі есебі өзінде. Дұшпандардан ақырын құтыла бермесе кейін анасы айтпақшы алдынан шығады. Он екі жастағы қыздың өзімшілдігі сондай, санасында «менікі ғана жөн» деген түсінік әбден орнаған. Ақырын ғана Сабринаға балғаны сермей бергенде, әлдекімнің жан дауысы шықты. Бұл кім болды? Әкесінің жұмыстан келетін уақыты емес. Күтушісін «кете беріңіз» деп ерте босатып жіберген болатын. Келген Николай еді, асығыс жүгіріп бара жатқан Сабринаны көріп артынан білдірмей ілескен. Бірақ мынандай сұмдық көрініске тап боламын деп ойламаған.

Настяның Сабринаға ешқашан іші жылыған емес, анасының ұсталып кетуін де осылардан көретін. Бейнетаспа болмағанда анасы қасында болып, қазіргідей әкесі Настяға зекіп сөйлемес еді. Әкесі сол күні-ақ болған жайды білгенімен, перзенті үшін бәріне үнсіз төзіп жүрген. Барлық өшін арақтан алып, жұмыстан да шеттетіліп қалды. Қызына да суық қарайды, Валяның өтінішімен ғана әупірімдеп шыдап жүр.

Оқыс шыққан айқайдан сескенген Настяның қолынан балғасы ұшып кетіп, Сабринаның аяғына түсті. Бебеулеп қалған Сабринаны жерден ақырын тұрғызған Николай бірден жедел жәрдеммен қоса, Әлияның ата-анасын шақыруды ұмтытпады. «Маған қарсы шықпауы керек еді» деп бедірейіп қараған Настяның бойында қорқыныштың ізі де жоқ. Артынша жеткен Сабринаның әкесі де полиция шақырды. Полиция келіп Настяны алып бара жатқанда әкесі де келді. Заты жуас әкесі Сабрина мен Әлияның ата-анасына батып ештеңе айта алмады.

Валяның түрмеде отырғанына да үш жыл болған. «Кішкентай қылмыскердің» мойындауынан кейін оның ісі қайта қаралды. Осылайша қылмысты жасырғаны үшін басқа жаза тағайындалған әйел үйіне оралды. Ал Настя кәмелетке толмағандарға арналған колонияда жазасын өтейтін болды. Көптің арқасында шындық су түбінен шықты-ау әйтеуір.

**Аида ҚОЖМАМБЕТОВА**

ҚазҰУ – 90

# ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫҢ ҰТЫМДЫ ТҰСЫ КӨП

**Білім саласы, білімді ұрпақ тәрбиелеу мәселесі мемлекеттің басты назарында. Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының да мақсаты осы.**

Онда балабақшадан бастап, мектептегі, колледждер мен жоғары оқу орындарындағы білім беру, ұлттық тәрбиені насихаттау жұмысына жан-жақты көңіл бөлінген. Ұлттық жобаның жоғары оқу орындарына жүктеп отырған талап, міндеттері де зор. Ол негізінен қазақстандық ЖОО-лардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, халықаралық талаптарға жақындатуға, әлем мойындайтын білімді шәкірттер тәрбиелеуге бағытталған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында халықаралық бағдарламалар басшылыққа алынып, шетелдік әріптестермен академиялық қарым-қатынасты нығайтуға басымдық беріліп отыр. Осы ретте жоғары оқу орнының тартымдылығын арттыру үшін оқытушылық қызметке шетелдік сарапшылар тартылуда. Сонымен бірге, шетелдегі жетекші жоғары оқу орындарымен меморандум жасалып, түлектердің білімін дамытуына жол ашылып отыр. Ел аумағында халықаралық оқу орындарының филиалдарын ашу да кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, жастардың таңдау мүмкіндігін кеңейтіп келеді.

Біздің еліміздегі тарихы көне, тамыры терең білім ордасы саналатын ҚазҰУ келер жылы тоқсан жылдығын атап өтеді. Ал шетелдерде бірнеше ғасырлық тарихы бар оқу орындары аз емес. Беделі биік, оқу әдістемесі өзін әлдеқашан ақтаған бұл білім ордаларынан үйренеріміз аз емес. Мәселен, дамыған елдердің жоғары оқу орындары ашықтыққа бейім. Ғылым мен өндірістің қарым-қатынасы жақсы жолға қойылған. Білім деңгейі, сапасы жоғары. Оқытушылардың кәсіби білігі мықты. ЖОО мазмұнын ғылыми-техникалық прогрестің жаңа жетістіктеріне бағыттайды. Міне, осындай жүйе біздің жоғары білім саласына да қажет-ақ. Аталған жоба шеңберінде зияткерлік әлеуетті дамыту, мемлекеттік тілдің дамуына жағдай жасау, жастар үшін жаңа мүмкіндіктерді ашу көзделіп отыр. Ұлттық жоба аясында бес тапсырма, 15 көрсеткіш және 26 іс-шара қолға алынбақ.

**Гүлнар АЙГАРИНОВА,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты**

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Астана** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 5570 дана**
**Апталық таралым 11 140 дана**

Тапсырыс №178 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31